

© НАО «Талар», 2026

Осы құжат авторлық құқық объектісі болып табылады.

Құқық иеленушінің жазбаша рұқсатынсыз пайдалануға, көшіруге, көбейтуге, таратуға, өзгертуге және үшінші тұлғаларға беруге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тыйым салынады.

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білім беру мәселелері жөніндегі
Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің шешімімен
МАҚҰЛДАНҒАН ЖӘНЕ БЕКІТІЛГЕН**



2026 жылғы 1 сәуір № 1 хаттама

**ТЖКБ жүйесінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылар үшін
тиімді педагогикалық тәсілдер, оларды бейімдеу және орынды түзету
бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Мазмұны

Кіріспе	3
1-бөлім. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді іске асырудың нормативтік-құқықтық реттелуі мен ұйымдастырушылық негіздері	5
1.1. Инклюзивті білім беруді іске асырудың нормативтік-құқықтық негіздері	5
1.2. ТЖКБ жүйесінде инклюзивті білім беруді іске асырудың ұйымдастырушылық негіздері	7
1.3. Инклюзивті білім беруді іске асыру мониторингі	10
2-бөлім. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде колледжде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту жағдайларын ұйымдастыру	11
2.1. Білім алушылардың санаттары	11
2.2. Педагогикалық қолдауды ұйымдастыру және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру	21
2.3. Білім беру ұйымының қолжетімділігін қамтамасыз ету және кедергісіз орта құру	22
2.4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз ету	24
2.5. Кадрлық әлеуетті дамыту және білім алушылардың әлеуметтік бейімделуі	25
3-бөлім. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім беру процесін бейімдеу	28
3.1. Колледждегі білім беру ортасын ұйымдастырудың институционалдық тетіктері	28
3.2. Зият бұзылыстары бар білім алушылар үшін білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері	30
3.3. ТЖКБ білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру құрылымы	33
3.4. Тиімді педагогикалық технологияларды пайдалану және орынды түзетулерді жүзеге асыру	37
4-бөлім. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау	40
4.1. Оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық негіздері	40
4.2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау қағидаттары	43
4.3. Ағымдағы үлгерімді бақылау және аралық аттестаттау	45
4.4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қорытынды аттестаттау	46
Глоссарий	48

Кіріспе

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес, білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары - білім алудың қолжетімділігі, білім алуға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және кемсітушілікке жол бермеу болып табылады. Білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыттарының бірі - ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қолайлы оқу жағдайларын жасау.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын ратификациялау арқылы білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде, оның ішінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық міндеттемелерді өзіне алды.

Қазақстан Республикасындағы техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесі қазіргі таңда барлық білім алушылар үшін сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған инклюзивтілік қағидаттарын белсенді енгізу жағдайында дамуда.

Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі - білім алушылардың жеке ерекшеліктерінің алуан түрлілігін ескере отырып, олардың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келетін және әлеуетін барынша іске асыруға мүмкіндік беретін тиімді білім беру ортасын қалыптастыру.

Инклюзивті білім беру білім алушылардың алуан түрлі білім беру қажеттіліктерін ескеруге бағытталған кешенді тәсілді жүйелі түрде іске асыруды көздейді және келесі негізгі бағыттарды қамтиды:

- инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық тұрғыдан жетілдіру;
- білім беру ортасының қолжетімділігі мен кедергісіздігін қамтамасыз ету;
- білім беру бағдарламалары мен оқу процесін білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеу;
- оқытудың заманауи педагогикалық технологияларын ғылыми негізде тиімді қолдану;
- білім алушыларды жеке сүйемелдеудің кешенді тетіктерін дамыту және енгізу.

Педагогтер үшін бұл - заманауи оқыту әдістерін меңгеру, орынды түзетулерді тиімді қолдана білу және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың әлеуметтік интеграциясына ықпал ететін қолайлы жағдайлар жасау қажеттігін білдіреді.

Осы әдістемелік ұсынымдар техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің мамандарына арналған практикалық құрал ретінде әзірленді. Құжат педагогтерге барлық білім алушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін білім беру процесін ұйымдастыруда жүйелі әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталған және өзара сабақтас үш негізгі бағытты қамтиды:

Тиімді педагогикалық тәсілдер - білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескеруге негізделген оқытудың заманауи әдістері мен технологиялары.

Білім беру процесін бейімдеу - ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың колледждің білім беру ортасына нәтижелі кірігуін қамтамасыз ететін педагогикалық және ұйымдастырушылық жағдайларды қалыптастыру.

Орынды түзетулер - оқу бағдарламаларына, оқыту әдістеріне және білім беру процесін ұйымдастыруға енгізілетін, кедергілерді жоюға және барлық білім алушылар үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған негізделген практикалық өзгерістер.

Құжаттың мақсаты - әртүрлі білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктері бар білім алушылар үшін тиімді әрі қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыруға әдістемелік тұрғыдан ықпал ету.

Әдістемелік ұсынымдар келесі міндеттерді іске асыруға бағытталған:

- техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін жүйелеу;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытуды ұйымдастыру шарттарын айқындау;
- білім беру процесін бейімдеудің тиімді педагогикалық тәсілдері мен тетіктерін айқындау және ұсыну;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асырудың ерекшеліктерін нақтылау;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың қағидаттары мен әдістерін айқындау;
- педагогтердің инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби құзыреттілігін дамытуға әдістемелік қолдау көрсету.

Әдістемелік ұсынымдар педагогтер мен білім беру ұйымдарының қызметінде инклюзивті білім беру қағидаттарын жүйелі іске асыруға, кедергісіз білім беру ортасын қалыптастыруға және білім алушылардың әртүрлі білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға әдістемелік негіз болады.

1-бөлім. Техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесінде инклюзивті білім беруді іске асырудың нормативтік-құқықтық реттелуі мен ұйымдастырушылық негіздері

1.1. Инклюзивті білім беруді іске асырудың нормативтік-құқықтық негіздері

Инклюзивті білім беруді дамыту Қазақстан Республикасының білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру тәсілдерін іске асыру барлық білім алушылар үшін сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім беру процесіне нәтижелі қатысуына жағдай жасауға бағытталған.

Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен міндеттемелері, ұлттық заңнамасы және білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін заңға негізделген нормативтік құқықтық актілер негізінде қалыптастырылады.

1-кесте. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді іске асырудың нормативтік-құқықтық базасы

№	Нормативтік құқықтық акт	Қабылданған күні және бұйрық нөмірі	Негізгі ережелер	Колледждерде практикалық іске асыру
1	БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы	2006 жылғы 13 желтоқсан; 2015 жылғы 20 ақпандағы №288-V ҚРЗ Заңымен ратификацияланған	мүгедектігі бар тұлғалардың білім алуға кемсітусіз құқығын бекітеді	қолжетімді білім беру ортасын қамтамасыз ету, орынды түзетулерді қолдану
2	Қазақстан Республикасының Конституциясы	1995 жылғы 30 тамыз	әрбір азаматтың білім алуға құқығын кепілдендіреді	білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету
3	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2007 жылғы 27 шілде №319-III	білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты реттейді	арнайы және бейімделген білім беру бағдарламаларын әзірлеу

4	Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі	2023 жылғы 20 сәуір №224-VII ҚРЗ	мемлекеттік қолдау кепілдіктерін белгілейді	инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету
5	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заң	2002 жылғы 8 тамыз №345-II	балалардың білім алуға құқықтарын қорғау	білім алушыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету
6	«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы	2002 жылғы 11 шілде №343-II	кешенді қолдау жүйесін реттейді	психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру
7	Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты	ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы	білім беру бағдарламаларына қойылатын талаптарды айқындайды	оқу бағдарламаларын бейімдеу
8	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары	ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі №137 бұйрығы	оқу процесін регламенттейді	оқытудың икемді нысандарын қолдану
9	Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің қызметін ұйымдастыру қағидалары	ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығы	сүйемелдеу мамандарының функцияларын айқындайды	колледжде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу
10	Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары	ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы	ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тетіктерін айқындайды	жеке білім беру маршруттарын әзірлеу
11	Колледждің жергілікті актілері	Колледж директорының бұйрықтары	ішкі процестерді реттейді	инклюзивті оқыту туралы ережелерді әзірлеу

Халықаралық құқықтың негізгі актілерінің бірі - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V ҚРЗ «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Заңы болып табылады. Аталған конвенция мүгедектігі бар адамдардың білім алуға кемсітусіз және тең мүмкіндіктер негізінде құқығын бекітеді. Оның ережелеріне сәйкес мемлекет білім беру ортасының қолжетімділігін қамтамасыз етуге, орынды түзетулерді енгізуге, сондай-ақ білім алушылардың білім беру процесіне толыққанды қатысуы үшін қажетті жағдайларды жасауға міндетті.

Халықаралық құжаттардың ережелері ұлттық заңнамаға жүйелі түрде интеграцияланып, білім беру, әлеуметтік қорғау және инклюзивті білім беру салаларын реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері жүйесі арқылы іске асырылады.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде аталған талаптарды іске асыру жүйелі түрде келесі негізгі бағыттар арқылы қамтамасыз етіледі:

- қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыру;
- білім беру бағдарламаларын білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеу;
- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді кешенді түрде ұйымдастыру;
- оқытудың икемді нысандары мен әдістерін енгізу;
- инклюзивті білім беру практикасының тиімділігін жүйелі мониторингтеу.

Нормативтік-құқықтық база білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз ететін мемлекеттік кепілдіктерді, білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау тетіктерін айқындайды.

1.2. ТЖКБ жүйесінде инклюзивті білім беруді іске асырудың ұйымдастырушылық негіздері

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді практикалық тұрғыда іске асыру білім беру ұйымдары деңгейінде жүйелі түрде ұйымдастырылатын, білім алушылардың алуан түрлі білім беру қажеттіліктерін ескеруге бағытталған кешенді педагогикалық және ұйымдастырушылық үдеріс ретінде қарастырылады.

Колледжде инклюзивті оқытуды ұйымдастыру ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз ететін басқарушылық, педагогикалық және ұйымдастырушылық тетіктердің тұтас жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Колледждердің ұйымдастырушылық қызметінің негізгі бағыттарының бірі - қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыру.

Колледждерде инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

➤ колледж ғимараттары мен үй-жайларының қолжетімділігін қамтамасыз ету;

➤ кедергісіз білім беру ортасын қалыптастыру;

➤ оқу кабинеттерін білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеу;

➤ білім беру ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз ету;

➤ арнайы техникалық оқыту құралдарын тиімді пайдалану.

Білім беру процесін бейімдеу оқытуды ұйымдастырудың икемді нысандары мен әдістерін жүйелі түрде қолдануды көздейді:

Колледждің білім беру процесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, келесі білім беру құралдары қолданылады:

➤ арнайы білім беру бағдарламалары;

➤ жеке оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламалары.

Қажет болған жағдайда білім беру бағдарламалары ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып бейімделеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (бұдан әрі – № 92 бұйрық) сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметтері (бұдан әрі – ППСҚ) ұйымдастырылады.

Білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды (тұлғаларды) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу оқыту, кәсіптік даярлау және әлеуметтену үдерістерінде, № 92 бұйрықта белгіленген педагогтер мен ППСҚ мамандарының іс-әрекет алгоритміне сәйкес, оқу кезеңі бойы жүйелі түрде жүзеге асырылады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың (тұлғалардың) тәрбиесінде, оқуында және дамуында кездесетін қиындықтарды анықтау және олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін кешенді бағалау;

2. педагогтерге және білім алушылардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне), оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға (тұлғаларға) консультациялық-әдістемелік қолдау көрсету;

3. білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың (тұлғалардың) табысты тәрбиеленуі, оқытылуы, дамуы және әлеуметтенуі үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайларды қамтамасыз ету.

Колледж педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту және жетілдіру келесі бағыттар бойынша жүйелі түрде ұйымдастырылады:

➤ педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

- колледжде педагогтерді әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеу;
- тиімді инклюзивті тәжірибелерді жинақтау және тарату;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс істеудің үздік педагогикалық тәжірибелерін енгізу және тарату.

1-сызба. Колледж жағдайында инклюзивті білім беруді іске асыру жүйесі



Бұл жүйе инклюзивті білім беруді іске асыру үдерісінде білім беру процесіне қатысушылардың тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

1.3. Инклюзивті білім беруді іске асыру мониторингі

Инклюзивті білім беруді тиімді іске асырудың маңызды шарттарының бірі - білім беру процесінің жүйелі мониторингін қамтамасыз ету болып табылады.

Колледждер инклюзивті білім беруді іске асыру аясында келесі бағыттар бойынша жүйелі түрде жұмыс жүргізеді:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды есепке алуды ұйымдастыру;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін талдау;
- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің тиімділігін бағалау;
- білім беру ортасының қолжетімділік деңгейін талдау.

Мониторинг нәтижелері білім беру бағдарламаларын түзету және оқыту жағдайларын одан әрі жетілдіру мақсатында қолданылады.

2-кесте. Колледжде инклюзивті білім беруді іске асыратын қатысушылар және олардың негізгі функциялары.

Қатысушылар	Негізгі функциялары
Колледж басшысы	инклюзивті білім беруді стратегиялық басқару
Басшы орынбасарлары	білім беру процесін үйлестіру
Әдістемелік қызмет	педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу
Сүйемелдеу қызметі	білім алушыларды диагностикалау және қолдау көрсету
Оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері	оқу процесін бейімдеу
Топ жетекшілері	білім алушылардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету

3-кесте. Колледж жағдайында инклюзивті білім беруді іске асыру тиімділігінің негізгі индикаторлары

Бағыт	Индикаторлар
Білім берудің қолжетімділігі	ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың үлесі
Кадрлық қамтамасыз ету	инклюзивті білім беру мәселелері бойынша біліктілігін арттырған педагогтердің үлесі
Сүйемелдеуді ұйымдастыру	психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің жұмыс істеуі
Білім беру нәтижелері	білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі
Әлеуметтік бейімделу	білім алушылардың оқу және сыныптан тыс іс-әрекеттерге белсенді қатысуы

Нормативтік-құқықтық база мен инклюзивті білім беруді іске асырудың ұйымдастырушылық тетіктері техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі колледждерінде қолжетімді және қолайлы білім беру ортасын қалыптастырудың негізін құрайды. Нормативтік талаптарды тиімді іске асыру,

психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүйесін дамыту және мониторингті жүйелі түрде жүргізу барлық білім алушылар үшін кәсіптік білім алуға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

2-бөлім. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде колледжде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту жағдайларын ұйымдастыру

2.1. Білім алушылардың санаттары

Қазіргі қоғам кемсітушілікке жол бермеуді тек декларация деңгейінде мойындаумен шектелмей, барлық білім алушылардың сапалы білім алуға тең құқықтарын нақты қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Осы тұрғыда ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың жеке мүмкіндіктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында білім алушылардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық құжаттарға сәйкес «ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар (балалар)» (ЕБҚ) ұғымы енгізіліп, білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, сапалы білім алуға тең құқық қағидаты бекітілген. Аталған ұғым білім беру саласындағы барлық нормативтік құқықтық актілерде көрініс табады.

Осы талапты іске асыру және білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін жүйелі түрде айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығымен «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары» бекітілді. Бұл қағидалар білім алушылардың денсаулық жағдайына қарамастан, олардың білім беру процесіне бейімделу кезеңінде білім беру қажеттіліктерін анықтау мен бағалау тәртібін белгілейді.

Аталған қағидаларға сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар негізгі екі топқа бөлінеді.

Бірінші топ - психикалық функциялардың ерекшеліктеріне немесе денсаулық жағдайына байланысты оқу дағдыларын меңгеруде қиындықтар кездесетін білім алушылар.

№	Санат	Ерекшеліктерінің сипаттамасы	Бағдарламаларды бейімдеу бойынша ұсынымдар
1	Есту қабілетінің бұзылыстары	Естімейтін, нашар еститінкейіннен есту қабілетінен айырылған, кохлеарлық имплантациядан кейінгі балалар; сөйлеу тілінің 1-3	Интеллектісі сақталған жағдайда бейімдеу талап етілмейді.

		деңгейдегі дамымауы.	
2	Көру қабілетінің бұзылыстары	көру қабілеті жоқ немесе өте төмен (қалдық көру $\leq 0,04$), сондай-ақ көру қабілеті төмен (көру өткірлігі 0,05–0,4, түзетумен).	Интеллектісі сақталған жағдайда бейімдеу талап етілмейді.
3	Зият бұзылыстары	Абстракциялау, жалпылау және салыстыру дағдыларының қалыптасуында қиындықтар байқалады. Ойлау үдерісі көбіне көрнекі-бейнелік сипатта болып, сөздік-логикалық операцияларды қолдану күрделене түседі. Есте сақтау үдерісі баяу, тұрақсыз болуы мүмкін, күрделі оқу материалын меңгеруде қиындықтар туындайды. Зейіннің шоғырлануы мен ауысуы жеткілікті деңгейде тұрақталмауы мүмкін. Сөйлеу тілінің дамуы баяу жүруі ықтимал, сөздік қоры шектеулі, пассивті сөздік қоры басым болуы мүмкін. Сөйлеу қысқа әрі қарапайым құрылымда болып, дыбыстарды айтуда ерекшеліктер байқалуы мүмкін. Эмоционалдық көріністері тұрақсыз болуы мүмкін, сыртқы ықпалға бейімділік жоғары,	Арнайы топ жағдайында – арнайы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту; инклюзивті топта – жеке оқу жоспары және бағдарламасы бойынша оқыту

		<p>дербес бастама танытуда және өз әрекетінің нәтижесін бағалауда қиындықтар кездеседі. Әрекеттерді жоспарлау дағдылары жеткілікті деңгейде қалыптаспауына байланысты тапсырмалар жеңілдетілген түрде орындалуы мүмкін, тез шаршағыштық байқалады. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігінде, ұсақ моторикасында ерекшеліктер байқалуы мүмкін, әлеуметтік өзара әрекеттесуде қиындықтар және әрекеттердің қайталанғыштығы кездесуі ықтимал.</p>	
4	Сөйлеу тілінің бұзылыстары	<p>Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, фонетикалық-фонематикалық ерекшеліктер, дизартрия, ринолалия, ауыр тұтықпа, дислексия, дисграфия</p>	<p>Интеллектісі сақталған жағдайда бейімдеу талап етілмейді</p>
5	Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары	<p>Қимыл-қозғалыс, үйлесімділік және моторлық функцияларында шектеулер байқалуы мүмкін, бұл оқу және практикалық әрекеттерді орындауды қиындатуы ықтимал. Білім алушылар үшін кедергісіз орта құру, арнайы техникалық құралдарды</p>	<p>Интеллектісі сақталған жағдайда бейімдеу талап етілмейді</p>

		пайдалану және оқу әрекетін бейімдеу қажеттілігі туындайды.	
6	Эмоционалдық-еріктік ерекшеліктері даму	Аутизм спектрі, мінез-құлық ерекшеліктері, қарым-қатынас дағдыларындағы қиындықтар	Интеллектісі сақталған жағдайда бейімдеу талап етілмейді. Арнайы топта – арнайы білім беру бағдарламасы; инклюзивті топта – жеке оқу жоспары және бағдарламасы

Кестеде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың бірінші тобына жататын санаттар көрсетілген. Әрбір санат бойынша оқу дағдыларын меңгеру үдерісіне әсер етуі мүмкін ерекшеліктер мен қиындықтардың мысалдары берілген.

Есту қабілеті бұзылған білім алушылар клиникалық және функционалдық ерекшеліктеріне қарай екі негізгі топқа жіктеледі:

Есту қабілеті айқын бұзылған білім алушылар (есту функциясының толық жоғалуы, сөйлеу тілінің өздігінен қалыптасу мүмкіндігінің болмауы) және есту қабілеті төмен білім алушылар (есту функциясының ішінара төмендеуі, сөйлеуді қабылдаудағы қиындықтар) бөлінеді. Бұл топқа сондай-ақ сөйлеу тілін сақтаған кейіннен есту қабілетінен айырылған балалар және есту қабілетінің әртүрлі дәрежеде төмендеуі бар (жеңілден ауыр дәрежеге дейін) білім алушылар жатады.

Есту қабілеті айқын бұзылған балалар (саңыраулық):

- Ерте кезеңде есту қабілетінен айырылғандар - сөйлеу тілі қалыптасқанға дейін немесе ерте жаста есту функциясының жоғалуымен сипатталады (сөйлеу тілі қалыптаспаған);
- Кейінгі кезеңде есту қабілетінен айырылғандар - сөйлеу тілі қалыптасқаннан кейін есту функциясының жоғалуымен сипатталады (сөйлеу тілі сақталған).

Есту қабілеті төмен балалар (есту қабілетінің төмендеуі):

- Сөйлеу тілі дамыған есту қабілеті төмен балалар - есту функциясының ішінара төмендеуі жағдайында сөйлеу тілінің салыстырмалы түрде сақталуымен сипатталады;
- Сөйлеу тілінің айқын даму ерекшеліктерімен қатар жүретін есту қабілеті төмен балалар - есту функциясының ішінара төмендеуі сөйлеу тілінің елеулі ерекшеліктерімен үйлеседі.

Есту қабілетінің төмендеу дәрежелері:

I дәреже (жеңіл) - 30 - 40 дБ деңгейінде төмендеу; шу жағдайында сөйлеуді қабылдау қиындайды, сыбырлаған сөзді шамамен 3 метр қашықтықта қабылдауы мүмкін;

II дәреже (орташа) - 41 - 60 дБ деңгейінде төмендеу; қалыпты сөйлеуді қабылдауда қиындықтар туындайды, дыбыстарды айтуда ерекшеліктер байқалуы мүмкін;

III дәреже (ауыр) - 61 - 80 дБ деңгейінде төмендеу; қатты айтылған сөйлеуді жақын қашықтықта қабылдайды;

IV дәреже (терең) - 81 дБ және одан жоғары деңгейде төмендеу; дыбыстарды негізінен тербеліс ретінде қабылдайды.

Есту қабілетінің бұзылыстарының түрлері (локализациясына қарай):

Кондуктивті түрі - сыртқы немесе ортаңғы құлақ деңгейіндегі дыбыс өткізгіштік қызметінің бұзылуымен сипатталады (мысалы, даму ерекшеліктеріне немесе құлақ жолының бітелуіне байланысты);

Нейросенсорлық (сенсоневралды) түрі - ішкі құлақ құрылымдарының немесе есту жүйкесінің зақымдануына байланысты дыбысты қабылдау үдерісінің бұзылуымен сипатталады;

Аралас түрі - кондуктивті және нейросенсорлық сипаттағы есту қабілетінің төмендеуінің үйлесуі.

Көру функциясында бұзылыстары бар білім алушылардың санаттары көру өткірлігінің деңгейіне, зақымдану дәрежесіне және бұзылыстың пайда болу уақытына қарай жіктеледі. Негізгі топтар: көру функциясы жоқ немесе айқын төмендеген білім алушылар (абсолютті соқырлық, жарықты сезіну, қалдық көру деңгейі 0–0,04) және көру функциясы төмен білім алушылар (көру өткірлігі 0,05–0,4). Аталған санаттағы білім алушыларға оқыту процесінде сараланған педагогикалық тәсілдер мен арнайы қолдау шараларын қолдану талап етіледі.

Көру функциясы айқын бұзылған білім алушылар:

- Толық көру функциясының болмауы (тотальды соқырлық) - көру сезімдерінің толық болмауымен сипатталады;
- Жарықты сезінуі сақталған - жарық пен қараңғылықты ажырату қабілеті бар;
- Қалдық көруі бар - түзетумен жақсы көретін көзіндегі көру өткірлігі 0 - 0,04 деңгейінде.

Пайда болу уақытына қарай:

- Туа біткен көру функциясының бұзылыстары бар білім алушылар - ерте жаста (3 жасқа дейін) қалыптасқан;
- Кейіннен көру функциясынан айырылған білім алушылар - көру функциясының жоғалуы кейінгі жаста орын алған.

Көру функциясы төмен білім алушылар:

- Көру өткірлігі 0,05 - 0,4 деңгейінде (түзетумен жақсы көретін көзінде) - көру оқу процесінде жетекші талдағыш ретінде сақталады, алайда арнайы оптикалық түзету мен көмекші құралдарды (ірілендірілген қаріп, үлкейткіш құралдар) қолдану талап етіледі;

Көру функциясы төмендеген білім алушылар:

- Көру өткірлігі 0,5 - 0,8 деңгейінде (түзетумен жақсы көретін көзінде).
- Көру функциясының бұзылыстарының сипаттамасы:
- Функционалдық бұзылыстар - қылилық және амблиопиямен (көру талдағышының функционалдық белсенділігінің төмендеуі) сипатталады;
- Органикалық бұзылыстар - көру жүйкесі мен торқабық құрылымдарының зақымдануымен байланысты;
- Рефракциялық бұзылыстар - миопия, гиперметропия, астигматизм.

Көру өткірлігінің 10 - 15 градусқа дейін тарылуымен сипатталатын білім алушылар жеке санат ретінде қарастырылады. Көру өткірлігі салыстырмалы түрде жоғары деңгейде сақталуы мүмкін болғанына қарамастан, функционалдық көру мүмкіндіктерінің шектелуіне байланысты олар көру функциясы төмен немесе айқын бұзылған білім алушылар санатына жатқызылуы мүмкін.

Интеллектуалдық дамуында бұзылыстары бар білім алушылардың санаттары, негізінен, ақыл-ой дамуының тұрақты жеткіліксіздігінің дәрежесіне қарай жіктеледі және жеңіл, орташа, ауыр және терең деңгейлерді қамтиды. Сонымен қатар психикалық дамудың тежелуі (ПДТ) - психикалық функциялардың баяу жетілуімен сипатталатын жағдай және деменция - жүре пайда болған интеллектуалдық функциялардың айқын төмендеуі ретінде қарастырылады.

Негізгі санаттар ауырлық дәрежесіне қарай (МКБ-10/11):

Ақыл-ой дамуының деңгейлері:

Жеңіл деңгейдегі ақыл-ой дамуының жеткіліксіздігі - білім алушылар арнайы білім беру бағдарламалары бойынша оқытуға бейім, оқу, жазу және санаудың қарапайым дағдыларын меңгере алады, әлеуметтік ортаға бейімделу мүмкіндігі бар;

Орташа деңгейдегі ақыл-ой дамуының жеткіліксіздігі - танымдық іс-әрекеті айтарлықтай шектелген, алайда әлеуметтік бейімделу және өзін-өзі күтуге қатысты қарапайым дағдыларды меңгеру мүмкіндігі сақталуы мүмкін;

Ауыр деңгейдегі ақыл-ой дамуының жеткіліксіздігі - танымдық қызметі қарапайым түсініктер деңгейімен шектеледі, оқыту мүмкіндіктері айқын шектеулі, тұрақты күтім мен бақылауды қажет етеді;

Терең деңгейдегі ақыл-ой дамуының жеткіліксіздігі - сөйлеу тілінің қалыптасуы айқын шектелген, өзін-өзі күту дағдылары қалыптаспаған немесе өте төмен деңгейде болады.

Интеллектуалдық дамудағы өзге нысандар:

Психикалық дамудың тежелуі (ПДТ) - когнитивтік функциялардың жас ерекшелігіне сәйкес келмеуімен сипатталатын жағдай, алайда ақыл-ой дамуының тұрақты жеткіліксіздігінен айырмашылығы - уақытша сипатта болуы немесе тиісті түзету-педагогикалық қолдау жағдайында қайтымды болуы мүмкін;

Деменция - 2-3 жастан кейін ми құрылымдарының органикалық зақымдануының (жарақаттар, инфекциялар және т.б.) салдарынан

туындайтын, көбіне үдемелі сипаттағы тұрақты бұзылыс, бұрын қалыптасқан функциялардың төмендеуімен немесе жоғалуымен қатар жүреді.

Сөйлеу функциясының бұзылыстары бар білім алушылардың санаттары этиологиясы мен клиникалық көріністеріне қарай жіктеледі және артикуляциялық ерекшеліктерден бастап сөйлеу тілінің жүйелі дамымауына дейінгі кең ауқымды қамтиды. Негізгі санаттарға алалия, дизартрия, ринология, дисфония, тұтықпа, сондай-ақ жазбаша сөйлеу функциясының бұзылыстары (дисграфия, дислексия) жатады. Сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары (СТАБ) бар білім алушыларда сөйлеу тілінің дамымауының төрт деңгейі ажыратылады.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының (СТЖД) деңгейлері:

I деңгей (СТЖД) - сөйлеу тілі өте шектеулі немесе қалыптаспаған;

II деңгей (СТЖД) - жалпы қолданыстағы сөйлеу тілі бар, алайда сөйлеу тілінің айқын дамымауы байқалады;

III деңгей (СТЖД) - жайылмалы фразалық сөйлеу тілі қалыптасқан, бірақ лексика-грамматикалық және фонетика-фонематикалық компоненттерінде жеткіліксіздік байқалады;

IV деңгей (СТЖД) - лексика-грамматикалық компоненттерінде жеңіл дәрежедегі ерекшеліктер байқалады.

Жазбаша және ауызша сөйлеу функциясының бұзылыстары:

Дисграфия - жазу үдерісінің бұзылысы;

Дислексия - оқу үдерісінің бұзылысы;

Дислалия - есту қабілеті қалыпты және сөйлеу аппаратының иннервациясы сақталған жағдайда дыбыстарды айтудағы ерекшеліктер;

Дизартрия - сөйлеудің дыбыстық жағының сөйлеу аппаратының жеткіліксіз иннервациясына байланысты бұзылуы;

Алалия - сөйлеу тілінің сөйлеуге дейінгі кезеңде ми құрылымдарының органикалық зақымдануына байланысты қалыптаспауымен немесе дамымауымен сипатталады;

Ринология (мұрындық сөйлеу) - анатомиялық ерекшеліктерге (мысалы, таңдай ақаулары) байланысты дыбыстарды айту мен дауыс тембрінің өзгеруі;

Дисфония / Афония - дауыс функциясының бұзылысы немесе болмауы;

Тұтықпа - сөйлеудің темпо-ырғақтық ұйымдасуының бұлшықет тартылуларына байланысты бұзылуы;

Сөйлеу қарқынының бұзылыстары - тахилалия (жедел қарқын) және брадилалия (баяу қарқын);

Афазия - бұрын қалыптасқан сөйлеу функциясының ішінара немесе толық бұзылуы.

Тірек-қимыл аппараты функциясының бұзылыстары бар білім алушылар (ТҚАБ) - жүйке жүйесінің аурулары (балалар церебралды сал ауруы (БЦСА), полиомиелиттің салдарлары), сондай-ақ қаңқа-бұлшықет жүйесінің туа біткен немесе жүре пайда болған құрылымдық өзгерістері бар тұлғаларды қамтитын топ. Негізгі үлесті балалар церебралды сал ауруы бар

білім алушылар құрайды, оларда психикалық дамудың тежелуі, сөйлеу және көру функцияларының бұзылыстары қатар жүруі мүмкін.

Балалар церебралды сал ауруы (БЦСА) бар білім алушылар - ми құрылымдарының зақымдануына байланысты қозғалыс функцияларының, бұлшықет тонусының және қозғалысты басқарудың бұзылыстарымен, сондай-ақ қозғалыс дағдыларының қалыптасуының кешеуілдеуімен сипатталады.

Полиомиелиттің салдарлары бар білім алушылар - аурудың қалпына келу немесе резидуалдық кезеңдерінде байқалатын қозғалыс функцияларының тұрақты бұзылыстарымен сипатталады.

Үдемелі жүйке-бұлшықет аурулары бар білім алушылар - миопатиялар, амиотрофиялар және бұлшықет күшінің біртіндеп төмендеуімен сипатталатын басқа да патологиялық жағдайларды қамтиды.

Тірек-қимыл аппаратының туа біткен және жүре пайда болған бұзылыстары бар білім алушылар:

Туа біткен бұзылыстар - артрогрипоз, жамбас буынының туа біткен шығуы, қисық мойын, маймақтық, аяқ-қол дамуының аномалиялары;

Жүре пайда болған бұзылыстар - жарақаттар мен инфекциялық аурулардың салдарлары, сколиоз, дене қалпының бұзылыстары.

Аталған білім алушылар қозғалыс функциясының шектелу дәрежесіне қарай (мысалы, GMFCS шкаласы бойынша) жіктеледі және интеллект деңгейінің сақталуына, сондай-ақ түзете-дамыту көмегіне қажеттілігіне байланысты арнайы бейімделген білім беру бағдарламаларын (АБББ) қажет етеді.

Эмоционалдық-ерік саласының бұзылыстары бар білім алушылар (ЭЕСБ) - эмоцияларды, мотивацияны және мінез-құлықты басқаруда қиындықтары бар тұлғалар. Бұл санатқа аутизм спектрі бұзылыстары (АСБ), зейін тапшылығы мен гиперактивтілік синдромы (ЗТГС), психикалық дамудың тежелуі (ПДТ), мазасыздық және депрессиялық бұзылыстар, сондай-ақ мінез-құлық ерекшеліктері бар білім алушылар жатады. Эмоционалдық-ерік саласындағы ерекшеліктер импульсивтілікпен, қорқыныштармен, агрессия немесе пассивтікпен көрінуі мүмкін.

Аутизм спектрі бұзылыстары (АСБ) - қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылыстарымен, қайталанатын мінез-құлықпен, қорқыныштармен және эмоционалды негативизммен сипатталады.

Зейін тапшылығы мен гиперактивтілік синдромы (ЗТГС) - жоғары импульсивтілік, эмоцияларды реттеудегі қиындықтар, тұрақсыз белсенділік және мотивациялық проблемалар арқылы көрінеді.

Психикалық дамудың тежелуі (ПДТ) - эмоциялық тұрақсыздық, көңіл күйдің жиі ауытқуы және психикалық функциялардың жетілуінің баяулауымен сипатталады.

Мазасыздық және депрессиялық бұзылыстар - фобиялар, жоғары мазасыздық, төмен көңіл күй (гипотимия), дистимия және стресс жағдайларына қарқынды реакциялармен көрінеді.

Мінез-құлық бұзылыстары - әлеуметтік нормаларды сақтамау, агрессия, қақтығысқа бейімділік арқылы көрінуі мүмкін.

Органикалық аурулармен байланысты эмоционалдық бұзылыстар - мысалы, БЦСА кезінде ұйқының бұзылыстары, эмоциялық сезімталдық, пассивтік немесе аффективті жарылыстар байқалуы мүмкін.

Мотивациялық бұзылыстар - белсенділікке ынтаның төмендеуі, апатия, қызығушылықтың болмауы.

Ерікті әрекетті реттеудегі бұзылыстар - шешім қабылдау және әрекеттерді жоспарлауда қиындықтар.

Қиындықтарды еңсерудегі бұзылыстар - күрделі жағдайларда әрекет ету қабілетінің төмендеуі, еріктік белсенділіктің төмендігі.

Обсессивті көріністер - қайталанатын қорқыныштар, ойлар немесе әрекеттер, күнделікті өмірге кедергі келтіруі мүмкін.

Пайда болу себептері: биологиялық факторлар (нейрофизиологиялық ерекшеліктер, жатырішілік зақымданулар) және сыртқы факторлар (қолайсыз әлеуметтік орта, психотравмалық жағдайлар) болуы мүмкін.

Білім алушыларды топтастыру білім беру бағдарламаларын бейімдеуде (арнайы немесе инклюзивті білім беру жағдайында), сондай-ақ арнайы және жеке бейімделген білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде маңызды рөл атқарады.

Екінші топ - ақыл-ой және физикалық дамуында бұзылыстары жоқ, бірақ әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты оқу қиындықтары бар білім алушылар.

№	Санаты	Мысал жағдайлар
1	Микроәлеуметтік және педагогикалық қолайсыздық	Әлеуметтік осал отбасылардан шыққан білім алушылар
2	Бейімделудегі қиындықтар	Қашқындар, мигранттар, қандастар

Кесте 1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар топтары

№	Топтары	Білім алушылар санаттары	Бұзылыстар / сипаттамаларының мысалдары
1	Бірінші топ	Психикалық функциялары бұзылған және мүмкіндіктері шектелген білім алушылар	1. Есту бұзылыстары: естімейтіндер, есту қабілеті төмен, кейіннен есту қабілетінен айырылған, кохлеарлы имплантациядан кейінгі білім алушылар; сөйлеу тілінің жалпы тежелуі 1–3 деңгейде. 2. Көру бұзылыстары: көру қабілеті жоқ (қалдық көру $\leq 0,04$), көру қабілеті төмен (0,05–0,4 түзетумен). 3. Ақыл-ой дамуының бұзылыстары: ақыл-ой дамуы жеткіліксіздігі. 4. Психикалық дамудың тежелуі (ПДТ). 5. Сөйлеу бұзылыстары: фонетика-фонемалық дамымау, дизартрия,

			ринолалия, ауыр тұтықпа, дислексия, дисграфия. 6. Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары. 7. Эмоционалдық-ерік саласының бұзылыстары: аутизм спектрі бұзылыстары (АСБ), мінез-құлық ерекшеліктері. 8. Күрделі (қосарланған) бұзылыстар.
2	Екінші топ	Әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар	1. Микроәлеуметтік және педагогикалық қолайсыздық: әлеуметтік осал отбасылардан шыққан білім алушылар. 2. Бейімделудегі қиындықтар: қашқындар, мигранттар, қандастар. 3. Созылмалы соматикалық ауруларға байланысты мүмкіндіктері шектелген, бірақ физикалық немесе психикалық дамуда айқын көрінетін (көрінетін түрде) бұзылыстары жоқ білім алушылар.

Кесте екі топ ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар білім алушыларды біріктіріп, олардың негізгі санаттары мен бұзылыстар немесе қиындық мысалдарын көрсетеді.

Бірінші топқа психикалық, сенсорлық, сөйлеу немесе физикалық функцияларында бұзылыстары бар білім алушылар кіреді, олар білім беру бағдарламасын меңгеру процесіне және оқу дағдыларын қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Сол себепті осы топтағы білім алушылар үшін бар бұзылыстардың сипаты мен дәрежесіне сәйкес арнайы оқу жағдайларын құру қажет.

Екінші топқа айқын даму бұзылыстары жоқ, бірақ оқу үдерісінде әлеуметтік-психологиялық факторларға немесе жасырын соматикалық шектеулерге байланысты қиындықтар көрінетін білім алушылар кіреді.

Ұсынылған кесте педагогтар мен мамандарға білім беру бағдарламаларын бейімдеу, жеке оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ инклюзивті орта құру кезінде қолданылатын құрал болып табылады.

2.2. Педагогикалық қолдауды ұйымдастыру және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру

1. Қазіргі білім беру ұйымдары білім алушының педагогикалық қолдауға қажеттілігін анықтайды, жеке деректер мен құжаттарды зерттейді,

бұзылу түрін, психологиялық-педагогикалық көмек көлемі мен түрін белгілейді, сондай-ақ жеке білім беру траекториясын әзірлейді.

2. Әрбір білім алушылар категориясы үшін оқу жағдайларын жасау сапалы психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз етеді және бейімделген өмірлік ортаны қалыптастыруға ықпал етеді, бұл олардың тәуелсіз өмір сүруіне мүмкіндік береді.

ТЖКБ жүйесінде инклюзивті білім беруді енгізудің негізгі аспектілері:

№	Аспект	Сипаттамасы
1	Инфрақұрылымды бейімдеу	Оқу орындарының техникалық жабдықталуын қамтамасыз ету, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қолжетімді ортаны құру.
2	Кадрларды даярлау	Педагогтардың мамандандырылған білімі, олардың кәсіби біліктілігін арттыру курстары.
3	Әдістемелік қамтамасыз ету	Бейімделген оқу бағдарламалары, оқу құралдары мен әдістемелік материалдарды енгізу.
4	Психологиялық-педагогикалық қолдау	Психологтар мен арнайы педагогтардың қызметі, білім алушылардың бейімделу процесін психолого-педагогикалық сүйемелдеу.
5	Мониторинг және бағалау	Оқыту нәтижелерінің динамикасын жүйелі түрде қадағалау, бағдарламалар мен оқу жоспарларын түзету.

Сурет 1. Инклюзивті білім беру ортасына кешенді тәсіл



2.3. Білім беру ұйымының қолжетімділігін қамтамасыз ету және кедергісіз орта құру

Білім беру ұйымдарының ғимараттарына қолжетімділікті қамтамасыз ету және кедергісіз орта құру - ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар білім алушылар үшін инклюзивті білім беру ортасын қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Негізгі талаптарға ғимараттың және оған тіркелген аумақтың барлық элементтерін әртүрлі бұзылыстар мен шектеулер санатын ескере отырып бейімдеу кіреді.

Негізгі талаптар:

Кесте 2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін білім беру ұйымдарының қолжетімділігі мен кедергісіз ортаны қамтамасыз ету.

№	Орта компоненттері	Талаптардың сипаттамасы	ЕБҚ бар санаттарға қолданылуы
1	Ғимаратқа кіретін жолдар	Мүмкіндіктері шектелген білім алушыларды жеткізуді қамтамасыз ететін тегіс және қауіпсіз кіреберістер	Тірек-қимыл аппараты бұзылыстары бар балалар
2	Пандустар мен қолдаулар	8%-ке дейінгі еңіс, 0,8 м дейінгі биіктік айырмасы, қолдаулар арасындағы ені 1,0–1,2 м, шеттерде қоршаулар болуы	Арбамен жүретіндер, бастарымен, таяқпен немесе жүргіш құралдарымен жүретін балалар мен ересектер
3	Баспалдақтар	Пандустармен қайталанған, контрастты сатылар, екі жағында қолдаулар, ескерту жолақтары	Көру қабілеті төмен адамдар және зағип адамдар
4	Есіктер мен өткелдер	Бір бағытты есіктер, бекіткіштер, ені ≥ 90 см, жол бойында айна беттер болмауы	Барлық санаттағы мүмкіндіктері шектелген білім алушылар
5	Лифттер және көтергіш платформалар	Кабина $\geq 140 \times 120$ см, есік ≥ 90 см, лифт болмаған жағдайда баспалдақтарға көтергіш платформалар	Арбамен жүретін балалар мен ересектер
6	Ғимарат ішіндегі қозғалыс жолдары	Дәліздер мен өткелдердің ені ≥ 90 см, кедергілер жоқ, шектер $\geq 2,5$ см дейін	Барлық ЕБҚ бар білім алушылар
7	Санитарлық-гигиеналық бөлмелер	Жалпыға арналған кабина $\geq 1,65 \times 1,8$ м, қолдаулар, арбамен айналуға орын, крандар мен қосқыштардың биіктігі	Арбамен жүретіндер, қозғалыс бұзылыстары бар білім алушылар
8	Тактильді жолақтар және визуалды белгілер	Негізгі бағыттар бойымен жолақтар, шығу жолдары, дәретханалар, аудиториялар туралы көрсеткіштер	Көру қабілеті төмен және көру қабілеті жоқ білім алушылар
9	Ғимарат сыртындағы жаяу жүргінші жолдары	Тегіс, қатты жабын, арбамен жүретіндерге ені, көтерілістер мен төмендеулердің болуы	Тірек-қимыл аппараты бұзылыстары бар білім алушылар

10	Ақпараттық құрылғылар	Сенсорлық экранды терминалдар, есту қабілеті төмендерге арналған хабарландыру құрылғылары	Есту бұзылыстары, көру бұзылыстары бар білім алушылар
11	Кабинеттерді жарықтандыру	Санитарлық нормаларға сәйкес, жеткілікті жарық және контраст	Көру бұзылыстары бар білім алушылар, барлық ЕБҚ санаттары
12	Ғимарат жоспары	Кабинеттер, баспалдақтар, санитарлық тораптар орналасуының схемасы	Эмоционалды-ерік саласының бұзылыстары бар білім алушылар (аутизм)

Кесте қауіпсіз және қолжетімді білім беру ортасын ұйымдастыруға арналған әдістемелік бағдар қызметін атқарады.

- Тармақтарда білім беру инфрақұрылымының нақты элементтері қамтылып, оларды бейімдеуге қойылатын талаптар жүйелі әрі мазмұнды түрде сипатталған.

- Қолданылу аясы ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың түрлі санаттарын ескере отырып айқындалған. Олардың қатарында есту, көру, сөйлеу бұзылыстары бар, психофизикалық даму ерекшеліктері байқалатын, сондай-ақ тірек-қимыл аппараты зақымданған білім алушылар бар.

- Ұсынылған талаптарды сапалы іске асыру білім алушылардың еркін қозғалуына, оқу үдерісіне толыққанды әрі қолайлы қатысуына мүмкіндік береді және санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2.4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз ету

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды (ЕБҚ) сапалы әрі нәтижелі оқыту білім беру кеңістігінде әрбір санаттың жеке даму ерекшеліктерін ескеретін арнайы педагогикалық жағдайларды мақсатты түрде қалыптастыруды талап етеді.

Санат	Негізгі талаптар
Есту қабілеті бұзылған білім алушылар	Дыбыс күшейткіш құрылғыларды пайдалану, визуалды оқыту құралдарын кеңінен енгізу, ақпаратты көрнекі форматта ұсыну
Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылар	Оқу кабинеттерін төменгі қабаттарға орналастыру, арнайы бейімделген парталармен қамтамасыз ету, кедергісіз орта қалыптастыру, қосымша әдістемелік сүйемелдеу ұйымдастыру
Көру қабілеті бұзылған білім алушылар	Контрасты бағыттаушы белгілерді орнату, тактильді жолақтарды енгізу, аудиосүйемелдеуді қамтамасыз ету
Сөйлеу тілі бұзылған білім алушылар	Логопедиялық қолдау көрсету, арнайы жабдықтар мен түзету құралдарын пайдалану

<p>Зият бұзылыстары бар білім алушылар</p> <p>Эмоциялық-ерік бұзылған (аутизм) саласы білім алушылар</p>	<p>Оқу бағдарламаларын бейімдеу (қарапайым және кезең-кезеңімен құрылымдалған тапсырмалар), көрнекі және түсінуді жеңілдететін тіректерді қолдану, жеке білім беру бағыттарын қалыптастыру, оқу материалын меңгеруге арналған модельдер мен сызбаларды пайдалану, білімді жүйелі бақылау және бекіту, мамандардың кешенді қолдауын ұйымдастыру, мультимедиялық және интерактивті оқыту құралдарын енгізу, жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру</p> <p>Оқу кеңістігін айқын құрылымдау (жоспарлар мен бағыттаушы белгілер), визуалды қолдау құралдарын қолдану (бейждер, пиктограммалар), түрлі түстер арқылы баламалы коммуникация тәсілдерін енгізу, артық дыбыстық әсерді шектеу, қажетті жағдайда баламалы байланыс құралдарын пайдалану (карточкалар, цифрлық құрылғылар, ым-ишара), қатаң киім талаптарын жеңілдету, сенсорлық жүктемені азайту үшін арнайы қорғаныс құралдарын қолдануға мүмкіндік беру.</p>
--	--

Кестеде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың әрбір санатының ерекшеліктерін ескеруге бағытталған, қолайлы әрі қолжетімді білім беру ортасын қалыптастырудың негізгі шарттары айқын көрсетілген.

Ұсынылған шаралар білім беру үдерісін білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік беріп, олардың оқу сабақтарына толыққанды қатысуын қамтамасыз етеді.

Арнайы техникалық құралдарды тиімді пайдалану, бағдарламалық-әдістемелік шешімдерді жүйелі енгізу және оқу кеңістігін физикалық тұрғыдан бейімдеу оқыту сапасын арттырып, білім алушылардың дағдылары мен дербестігін дамытуға серпін береді.

2.5. Кадрлық әлеуетті дамыту және білім алушылардың әлеуметтік бейімделуі

Инклюзивті білім беру үдерісін ұйымдастыру түрлі бейіндегі мамандардың үйлесімді қатысуын, сондай-ақ отбасы мен еріктілермен жүйелі өзара іс-қимылды қажет етеді. Рөлдер мен құзыреттердің ұтымды бөлінуі ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың табысты бейімделуін қамтамасыз етіп, шынайы инклюзивті ортаның қалыптасуына мүмкіндік береді.

Қызметкерлерге тән терең аналитикалық ойлау қабілеті, жоғары деңгейдегі толеранттылық және әлеуметтік әрі кәсіби бейімделгіштік инклюзивті білім беру кеңістігінің сапалы дамуының негізгі алғышарты болып айқындалады.

Кәсіби қызмет мазмұны адамгершілік-рухани құндылықтармен сабақтасып, білім беру үдерісіне терең мағыналық сипат пен мазмұндық тұтастық дарытады.

Педагогтер, ата-аналар және салалық мамандар арасындағы жүйелі, үйлесімді өзара іс-қимыл ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың табысты интеграциясын қамтамасыз етіп, инклюзивті ортаның тұрақты әрі тиімді қалыптасуына берік негіз қалайды.

3-кесте. Инклюзивті білім беру кеңістігіндегі кадрлық әлеует пен әлеуметтік бейімделудің мазмұндық және ұйымдастырушылық негіздері

№	Лауазымы/ рөл	Қызметтері мен міндеттері	Қажетті құзыреттер	Мақсат және нәтиже
1	Педагог	Ерекше білім беру қажеттіліктерін (ЕБҚ) ескере отырып оқу үдерісін ұйымдастыру, оқу материалдарын бейімдеу, білім алушыларды педагогикалық сүйемелдеу	Инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби даярлық, аналитикалық ойлау, коммуникациялық дағдылар, жоғары педагогикалық төзімділік	ЕБҚ бар білім алушыларды білім беру үдерісіне тиімді енгізу және сапалы оқытуды қамтамасыз ету
2	Арнайы педагог	Даму ерекшеліктері бар білім алушыларға жеке қолдау көрсету, түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру	Арнайы (дефектологиялық) білім, әртүрлі санаттағы ЕБҚ-пен жұмыс істеу құзыреті	Білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін арттыру және даму әлеуетін ашу
3	Педагог-ассистент	1. Оқу барысында педагогке және ЕБҚ бар білім алушыларға жүйелі қолдау көрсету. 2. Оқу тапсырмаларын меңгеруге жекелей көмек беру; 3. Білім беру ортасын жеке қажеттіліктерге бейімдеуге жәрдемдесу; 4. Сыныптағы қауіпсіздік пен мінез-құлықты бақылау; 5. Білім алушының жетістіктері мен қиындықтары	1. ЕБҚ санаттарының ерекшеліктерін білу. 2. Тиімді коммуникация, сабырлылық. 3. Педагогтермен, психологтармен және ата-аналармен командалық өзара іс-қимыл, 4. Жеке тәсілдерді қолдану дағдылары.	1. Оқуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға жеке қолдау көрсетуді қамтамасыз ету. 2. Оқу үдерісінің тиімділігін арттыру және білім алушының бейімделуі. 3. Оқу материалын меңгерудегі қиындықтарды азайту және оң оқу ынтасын қалыптастыру; 4. Сыныптағы инклюзивті және қауіпсіз ортаны қолдау.

		туралы кері байланыс жинау.		
4	Психолог	Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, психодиагностика, бейімделу мен дамуды мониторингтеу	Білім беру психологиясы саласындағы кәсіби білім, кеңес беру және психологиялық қолдау көрсету дағдылары	Білім алушылардың психоэмоционалдық жай-күйін тұрақтандыру және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету
5	Медициналық қызметкер	Алғашқы медициналық көмек көрсету, педагогтер мен ата-аналарға кеңес беру	Медициналық біліктілік, ЕБҚ бар білім алушылардың денсаулық ерекшеліктерін білу	Білім алушылардың қауіпсіздігін, денсаулығын сақтау және оқу үдерісіне қолайлы жағдай қалыптастыру
6	Ата-аналар / заңды өкілдер	Білім беру үдерісіне белсенді қатысу, үй жағдайында қолдау көрсету, педагогтермен серіктестік орнату	Инклюзивті білім беру тәсілдері туралы хабардарлық, жоғары жауапкершілік, белсенді қатысу	Әлеуметтік қолдау көрсету және білім алушының табысты бейімделуіне ықпал ету
7	Еріктілер (волонтерлер)	Оқу және сыныптан тыс қызметке қолдау көрсету, білім алушылардың әлеуметтенуіне жәрдемдесу	Жауапкершілік, Қарым-қатынасқа бейімділік, ЕБҚ бар білім алушыларды қолдауға дайындық	Қосымша әлеуметтік қолдау қалыптастыру және инклюзивті ортаны нығайту
8	Білім беру ұйымының басшылығы	Инклюзивті білім беру үшін қолайлы жағдайлар жасау, кадрлық жұмысты үйлестіру, сапаны басқару және бақылау	Көшбасшылық және басқарушылық құзыреттер, нормативтік-құқықтық базаны меңгеру	Тиімді, тұрақты және сапалы инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру

Кестеде инклюзивті білім беру кеңістігіндегі білім беру үдерісінің негізгі қатысушылары мен олардың атқаратын рөлдері жүйелі түрде айқындалған.

Функциялар мен құзыреттердің нақты әрі үйлесімді бөлінуі ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқу қызметіне тиімді кіріктіруге мүмкіндік беріп, олардың психоэмоционалдық қолдауын қамтамасыз етеді және қауіпсіздік талаптарының сақталуына жағдай жасайды.

Педагогтер, салалық мамандар, ата-аналар мен еріктілер арасындағы өзара ықпалдастық әлеуметтік бейімделудің берік негізін қалыптастырып, толыққанды инклюзивті білім беру ортасының орнығуына серпін береді.

Рөлдер мен құзыреттердің осындай үйлесімді жүйеленуі:

1. Бірізді, қолжетімді әрі сапалы білім беру кеңістігін қалыптастыруға негіз болады.

2. Интеллектуалдық даму ерекшеліктері бар білім алушылардың оқу материалын меңгеру сапасын арттырады.

3. Психоэмоционалдық қолдауды қамтамасыз етіп, олардың табысты әлеуметтік бейімделуіне мүмкіндік береді.

4. Әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қауіпсіздікті кешенді түрде қамтамасыз етуге жағдай жасайды.


3-бөлім. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім беру процесін бейімдеу

(Интеллектуалдық бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы білім беру бағдарламаларын әзірлеу алгоритмі)

3.1. Колледждегі білім беру ортасын ұйымдастырудың институционалдық тетіктері

Инклюзивті білім беру – барлық білім алушыларға тең мүмкіндік ұсынуға бағытталған үдеріс. Ол әрбір адамның физикалық, интеллектуалдық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктеріне қарамастан бірге білім алуына жағдай жасайды. Бұл тәсіл білім беру ортасында өзара құрмет пен түсіністік мәдениетін қалыптастырып, әрбір білім алушының оқу үдерісіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Білім алушыларға тең қарым-қатынас қағидаты сақтала отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін қосымша қолдау мен арнайы жағдайлар жүйелі түрде қамтамасыз етіледі.

Инклюзивті білім берудің негізгі ұстанымдары



- *жеке ерекшеліктердің маңыздылығы* - әрбір білім алушы білім беру ортасына өзіндік ерекше үлес қосады.

- *тең қолжетімділік* - даму ерекшеліктеріне қарамастан әрбір білім алушының сапалы білім алуға тең құқығы қамтамасыз етіледі;

- *жеке тәсіл* — білім беру үдерісі әрбір білім алушының жеке қажеттіліктері мен білім алу мүмкіндіктерін ескере отырып, бейімделіп ұйымдастырылады.

- *командалық өзара әрекеттестік* - инклюзивті білім беру педагогтер, арнайы мамандар, ата-аналар және жұмыс берушілердің өзара үйлесімді әрі жүйелі ынтымақтастығына негізделеді;

- *ортаның бейімделуі* — білім беру ұйымы оқу жағдайларын білім алушыға ыңғайлап жасайды, ал білім алушы жүйеге бейімделуге міндетті болмайды.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде оқу үдерісі көбіне мамандыққа бағытталып ұйымдастырылады. Колледждің негізгі міндеті — ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға кәсіби дағдыларды үйрету және оларды өз бетінше жұмыс істеуге дайындау.

Колледждегі білім беру үдерісін сапалы ұйымдастырудың маңызды шарты – білім беру ортасына енгізілуі қажет өзгерістерді жүйелі түрде айқындау. Олар:

- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;
- оқыту әдістерін бейімдеу;
- бағалау жүйесін қайта қарау, оқу бағдарламаларының мазмұнын түзету.

Колледждерде инклюзивті білім беру практикасының кеңінен енгізілуіне қарамастан, жеңіл және орташа деңгейдегі зияттық даму ерекшеліктері бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламаларын әзірлеуде бірқатар әдістемелік қиындықтар сақталуда.

Оқу үдерісін ұйымдастырудағы өзекті мәселелердің бірі – арнайы білім беру бағдарламаларын әзірлеу, оқу бағдарламаларын бейімдеу және жеке оқу жоспарларын (ЖОЖ) ғылыми-әдістемелік тұрғыдан дұрыс құрастыру болып табылады.

Тәжірибе көрсеткендей, колледж педагогтері аталған құжаттарды әзірлеу барысында жеткілікті әдістемелік қолдаудың болмауына байланысты белгілі бір қиындықтарға тап болады.

Қазақстан Республикасында арнайы және инклюзивті білім беру саласы бойынша жеткілікті ғылыми-әдістемелік негіз қалыптасқан. Орта білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оларды әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеуде негізгі рөлді Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы атқарады.

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамыту мәселелері «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ-нің құзыретіне жатады. Орталық тарапынан орта білім беру деңгейінде инклюзивті тәжірибені қалыптастыру және дамыту бағытында ауқымды әрі жүйеленген ұлттық тәжірибе жинақталған. Жинақталған тәжірибе білім

берудің барлық деңгейлерін, оның ішінде техникалық және кәсіптік, сондай-ақ ортадан кейінгі білім беру жүйесін одан әрі дамытуға ғылыми-әдістемелік негіз болып қызмет етеді.

ҰҒПОДО сайтында орналастырылған білім беру бағдарламалары техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде жалпы білім беру бағдарламаларын бейімдеу үшін маңызды ғылыми-әдістемелік ресурс болып табылады. Бұл материалдар инклюзивті мәдениетке, саясат пен практикаға негізделген инклюзивті білім беру ортасын жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді.

«Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ-нің ресми сайтында әдістемелік материалдар (<https://special-edu.kz/customtextbooks>) және әртүрлі бұзылыстары бар 9–10 сынып білім алушыларына арналған мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт шеңберіндегі үлгілік білім беру бағдарламалары (<https://special-edu.kz/eduprogOOP>) қамтылған арнайы бөлімдер ұсынылған. Бұл материалдарды зерделеу білім берудің өзге деңгейлеріндегі педагогтердің кәсіби білім қорын толықтырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеу саласындағы құзыреттерін қалыптастыру мен жетілдіруге мүмкіндік береді.

3.2. Зият бұзылыстары бар білім алушылар үшін білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі негізгі немесе жалпы орта білімнен кейінгі білім беру деңгейі ретінде қарастырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды колледждің білім беру үдерісіне кіріктіру білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету қағидатына негізделеді және олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы әрі қолжетімді кәсіптік білім алуға тең мүмкіндіктер жасауға бағытталады.

Колледждегі білім беру үдерісі білім алушылардың таңдаған мамандығына сәйкес кәсіби құзыреттерін жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған. Осыған орай педагогикалық ұжымның басым міндеттерінің бірі – барлық білім алушылар үшін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін де, кәсіби білімді, білік пен дағдыларды меңгеруге қолжетімді әрі қолайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың табысты әлеуметтік-кәсіби бейімделуіне жағдай жасау болып табылады.

Колледжде инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру әрбір білім алушының тұлғалық ерекшеліктерін құрметтеуге және білім беру үдерісін дараландыру қағидатына негізделеді. Әсіресе, ақыл-ойы сақталмаған студенттерді оқытуда бұл бағыттың маңызы ерекше. Мұндай білім алушылар үшін оқытудың қолайлы қарқынын анықтау, білім беру бағдарламасының

мазмұнын бейімдеу және олардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін тиімді оқыту әдістерін қолдану қажет. Педагогикалық тәжірибеде теориялық материалдың көлемін оңтайландыру, практикалық сабақтардың үлесін арттыру, көрнекілік құралдарын жүйелі пайдалану, сондай-ақ кәсіби әрекеттерді бірізді, кезең-кезеңімен қалыптастыру маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 5-қосымша, 14-тармақ) сәйкес, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды арнайы оқу топтары жағдайында оқыту үшін арнайы білім беру бағдарламалары әзірленеді. Инклюзивті білім беру жағдайында оқу үдерісі білім алушылардың жеке даму ерекшеліктері мен әлеуеттік мүмкіндіктерін ескере отырып, жұмыс оқу жоспарларын, жеке оқу жоспарларын және жұмыс оқу бағдарламаларын бейімдеу арқылы ұйымдастырылады. Мұндай тәсіл білім алушылардың білімді меңгеруін тиімді қамтамасыз етуге және олардың білім алу қажеттіліктеріне барынша жауап беруге бағытталған.

Арнайы білім беру бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (1 және 2-қосымшалар) талаптарына сәйкес әзірленеді және интеллектісі сақталмаған білім алушыларды жұмысшы мамандықтарына даярлауға бағытталады. Бұл санаттағы білім алушылар үшін оқу үдерісінде барлық модульдер мен оқу қызметінің түрлерін меңгеру қарастырылады. Оның құрамына мыналар кіреді:

№	Блок / модуль	Мазмұны	Ескертпе
1	«Жалпы білім беру пәндері» модулі	Бейімделген жалпы білім беру пәндері	ЕБҚ бар тұлғаларға арналған ББ-дағы пәндердің тізбесі мен көлемі мамандық бейініне сәйкес ТжКБ ұйымымен дербес анықталады (МЖМБС, 2-тарау, 4-тармақ)
2	Жалпы міндетті модульдер	Салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене қасиеттерін дамыту; АКТ және цифрлық технологияларды қолдану; қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтену мен бейімделуге бағытталған бейімделген модульдер	Мамандық бейініне қарай толық немесе ішінара базалық және/немесе кәсіби модульдерге кіріктіріледі (МЖМБС, 2-тарау, 6-тармақ)
3	Базалық модульдер	Кәсіби құзыреттердің негізін қалыптастыруға бағытталған, кәсіби қызмет	ТжКБ ұйымымен дербес анықталады (МЖМБС, 2-тарау, 7-тармақ)

		ерекшеліктерін ескеретін модульдер	
4	Кәсіби модульдер (жұмысшы біліктіліктері)	Кәсіби құзыреттерді қалыптастыру	ТжКБ ұйымымен дербес анықталады (МЖМБС, 2-тарау, 7-тармақ)
5	Аралық және қорытынды аттестаттау	Оқу нәтижелерін дараланған түрде бағалау	
6	Факультативтік сабақтар	Қосымша қолдау және дамыту	Аптасына 4 сағаттан аспайды
7	Кеңес беру (консультациялар)	Жеке педагогикалық көмек	Оқу жылына 100 сағаттан аспайды

Бұл ретте модульдердің мазмұны білім алушылардың танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып педагогикалық тұрғыдан бейімделеді, ал оқу нәтижелері нақты еңбек әрекеттерін меңгеруге және практикалық дағдыларды жүйелі қалыптастыруға бағдарлана отырып айқындалады.

Білім алушының жалпы оқу жүктемесінің көлемі 138 кредитті (3312 сағатты) құрайды.

Ақыл-ойы сақталған білім алушылар білім беру бағдарламаларын басқа студенттермен тең деңгейде меңгереді және оқу жағдайларын бейімдеу қажеттілігін ескере отырып, білікті жұмысшы кадрларды даярлау, орта буын мамандарын даярлау және қолданбалы бакалавриат бағдарламалары бойынша білім ала алады.

Білім беру бағдарламалары техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары тарапынан жұмыс берушілердің қатысуымен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына және кәсіби стандарттарға (болған жағдайда) сәйкес дербес әзірленеді. Білім беру бағдарламаларының құрылымында күтілетін оқу нәтижелері нақты айқындалады. Осы нәтижелер негізінде модульдер мен пәндер бойынша жұмыс оқу жоспарлары, жеке оқу жоспарлары және жұмыс оқу бағдарламалары жүйелі түрде әзірленеді.

Осы санаттағы білім алушылар үшін білім беру үдерісін ұйымдастыру арнайы педагогикалық әдістерді жүйелі қолдануды көздеуі тиіс. Олардың қатарында кезең-кезеңімен оқыту, тапсырмаларды орындау үлгілерін көрсету, нұсқаулық карталарды, көрнекі құралдарды және жұмысты орындаудың визуалды алгоритмдерін тиімді пайдалану қарастырылады. Практикаға бағдарланған тәсіл ерекше маңызға ие, себебі кәсіби дағдыларды қалыптастыру оқытушының немесе өндірістік оқыту шеберінің жетекшілігімен нақты практикалық әрекеттерді кезең-кезеңімен орындау арқылы жүзеге асырылады.

Өндірістік оқыту және кәсіби практика барысында білім алушыларды жүйелі педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету, еңбек әрекеттерін біртіндеп күрделендіру, қауіпсіз еңбек жағдайларын сақтау және өздігінен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Білім алушылардың нақты өндірістік ортада тәжірибелік даярлығын тиімді ұйымдастыруда колледж бен жұмыс берушілер арасындағы әлеуметтік әріптестік маңызды рөл атқарады.

Оқу нәтижелерін бағалау дараланған сипатта ұйымдастырылып, білім алушының практикалық дағдыларының қалыптасу деңгейін, дербестік дәрежесін және жеке даму динамикасын кешенді түрде ескеруі тиіс. Бақылау нысандары мен әдістерін бейімдеуге жол беріледі, соның ішінде практикалық тапсырмаларды қолдану, меңгерілген еңбек әрекеттерін көрсету, сондай-ақ тапсырмаларды үлгі бойынша орындау арқылы бағалау қарастырылады.

Ақыл-ойы сақталмаған білім алушылардың танымдық ерекшеліктеріне байланысты мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберіндегі білім беру бағдарламаларын меңгеруде елеулі қиындықтарға тап болатынын ескеру қажет. Осыған байланысты оқу нәтижелері олардың білім алу мүмкіндіктеріне сәйкес айқындалып, қолжетімді кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағдарлануы қажет.


3.3. ТжКБ білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру құрылымы

Техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКББ) бағдарламалары (әскери, медициналық және фармацевтикалық мамандықтарды қоспағанда) білім беру бағдарламаларының тізілімінде орналастырылады және келесі құрылымдық бөліктерді қамтиды:

1. Білім беру бағдарламасының паспорты;
2. Құзыреттер тізбесі;
3. Білім беру бағдарламасының мазмұны:
 - 3.1. Модульдердің (пәндердің) мазмұны;
 - 3.2. Білім беру бағдарламасының модульдері (пәндері) бөлінісінде игерілген кредиттер/сағаттар көлемін көрсететін жиынтық кесте;
 - 3.3. Құзыреттер бойынша пәндер матрицасы (модульдік бағдарламалар үшін).

Білім беру бағдарламасын әзірлеу техникалық және кәсіптік білім беру ұйымында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына, кәсіби стандарттарға (болған жағдайда), үлгілік оқу бағдарламаларына сүйене отырып, сондай-ақ еңбек нарығының сұранысын, білім алушылар контингентінің ерекшеліктерін және білім беру үдерісін іске асыру жағдайларын ескере отырып жүзеге асырылады. Бағдарламаны әзірлеу жұмыс тобы арқылы жүргізіледі. Жұмыс тобының құрамына басшының орынбасарлары, әдіскерлер, арнайы пәндер оқытушылары, өндірістік оқыту шеберлері, сондай-ақ қажет болған жағдайда психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мамандары енгізіледі.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу келесі кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:



Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білікті жұмысшы кадрларды даярлау барысында білім беру бағдарламаларының мазмұны төмендегілерді қамтиды:

- 1) жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді оқытуды немесе жалпы білім беру пәндері модулін, жалпы міндетті, базалық және кәсіби модульдерді меңгеруді;
- 2) зертханалық-практикалық сабақтарды орындауды;
- 3) өндірістік оқыту мен кәсіби практикадан өтуді;
- 4) аралық және қорытынды аттестаттаудан өтуді.

МЖМБС-тың 4-тармағында жалпы білім беру пәндерінің тізбесі мен көлемі мамандық бейінін ескере отырып келесі бағыттар бойынша айқындалатыны көрсетілген: техникалық-технологиялық, педагогикалық, көркемдік-технологиялық, әлеуметтік-экономикалық, аграрлық-технологиялық, қоғамдық-гуманитарлық.

Мамандық бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беру пәндеріне мыналар жатады: «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» (қазақ тілінде оқытатын топтар үшін), «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» (орыс тілінде оқытатын топтар үшін), «Шетел тілі», «Математика», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Графика және жобалау», «Дүниежүзі тарихы» және «Жаһандық құзыреттер» курсы.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін білім беру бағдарламасын әзірлеу барысында жалпы білім беру пәндерінің тізбесі мен көлемі мамандық бейінін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымымен дербес айқындалады.

Ақыл-ойы сақталмаған білім алушылар үшін жалпы білім беру пәндерінің тізбесі мен көлемі оқытылатын тақырыптардың күрделілік деңгейіне, оларды меңгеруге қажетті уақытқа, сондай-ақ білім алушылардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып айқындалады.

Ақыл-ойы сақталмаған білім алушыларға арналған білім беру бағдарламасында олардың танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, бастапқы әскери және технологиялық дайындық бойынша сабақтар қарастырылмайды.

Ақыл-ой дамуында бұзылыстары жоқ, интеллектісі сақталған білім алушылар үшін жалпы білім беру пәндерінің тізбесі мен көлемі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында белгіленген талаптар, үлгілік оқу бағдарламаларында қарастырылған сағаттар көлемі және мамандық бағыты ескеріле отырып қалыптастырылады.

Оқыту тәсілдерін салыстырмалы талдау:

Ақыл-ой дамуында бұзылыстары жоқ және ақыл-ойы сақталмаған білім алушылар

Көрсеткіш	Ақыл-ой дамуында бұзылыстары жоқ	Ақыл-ойы сақталмаған
Жалпы білім беру пәндерінің тізбесі	МЖМБС талаптарына сәйкес айқындалады және мамандық бейінін ескере отырып, жалпы білім беру пәндерінің толық тізбесін қамтиды	Мамандық бейіні мен білім алушылардың білім алу мүмкіндіктерін ескере отырып, ТЖКБ ұйымымен дербес айқындалады
Оқу жүктемесінің көлемі (жалпы білім беру пәндері)	Мамандық бейінін ескере отырып, жалпы білім беру пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларында көзделген сағаттар көлеміне сәйкес айқындалады	Оқытылатын тақырыптардың күрделілік деңгейіне, оларды меңгеруге қажетті уақытқа және білім алушылардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес айқындалады
Қосымша модульдер	Стандартты жалпы міндетті модульдер	«Әлеуметтік-ортаға бейімделу», «Жұмыс орнында бейімделу», «Әлеуметтік-кәсіби бейімделу» модульдерін енгізу ұсынылады
Бағдарламаны бейімдеу	Жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) әзірлеу арқылы оқу жағдайларын бейімдеу	Білім алушының білім алу мүмкіндіктеріне сәйкес мазмұнын, көлемін, оқу қарқынын және оқыту әдістерін бейімдеу
Оқыту нысаны	ЖОЖ қолдану арқылы жалпы немесе инклюзивті топта оқыту	Арнайы топта оқыту

МЖМБС-тың 6-тармағында (әскери мамандықтарды қоспағанда) жалпы құзыреттерді қалыптастыру мақсатында техникалық және кәсіптік білім беру

ұйымдарында жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндерді немесе жалпы міндетті модульдерді меңгеру қарастырылатыны айқындалған.

Жалпы құзыреттер білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруына және дене қасиеттерін жетілдіруіне, қоғамда және еңбек ұжымында тиімді әлеуметтенуі мен бейімделуіне, патриотизм мен азаматтық жауапкершілік сезімін, ұлттық сана-сезімді, адалдық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, кәсіпкерлік дағдылар мен қаржылық сауаттылықты дамытуға, сондай-ақ кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды тиімді қолдануына бағытталады.

Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларында білім алушылардың жалпы құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған келесі жалпы міндетті модульдерді меңгеру көзделеді:

- дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;
- ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды тиімді қолдану;
- экономика негіздері мен кәсіпкерлік негіздері бойынша базалық білімді практикада қолдану;
- әлеуметтік ғылымдар негіздерін меңгеру арқылы қоғамда және еңбек ұжымында табысты әлеуметтену және бейімделу (орта буын мамандары үшін).

Осыған байланысты ақыл-ойы сақталмаған (жеңіл және орташа деңгейдегі ақыл-ой кемістігі бар) білім алушылар үшін білім беру бағдарламасының мазмұнына «Әлеуметтік-ортаға бейімделу», «Жұмыс орнында бейімделу», «Әлеуметтік-кәсіби бейімделу» сияқты модульдер мен пәндерді, сондай-ақ осы бағыттағы өзге де оқу бірліктерін енгізу орынды болып табылады.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының құзыреті шеңберінде, мамандық бейінін ескере отырып (әскери мамандықтарды қоспағанда), жалпы міндетті модульдер базалық және (немесе) кәсіби модульдер құрамына толық немесе ішінара кіріктіріледі.

Базалық және кәсіби модульдердің (жалпы кәсіптік және арнайы пәндердің) мазмұны экологиялық және/немесе өнеркәсіптік қауіпсіздікке қойылатын заманауи талаптарды ескере отырып әзірленеді.

Базалық модульдер кәсіби модульдерді меңгеру барысында одан әрі қалыптасатын кәсіби құзыреттердің негізін қалыптастыруға бағытталады және белгілі бір кәсіби қызметтің ерекшеліктерін бейнелейді.

Базалық және кәсіби модульдер (жалпы кәсіптік және арнайы пәндер) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы тарапынан дербес айқындалады.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының шешімі бойынша (әскери мамандықтарды қоспағанда) базалық модульдер кәсіби модульдердің құрамына толық немесе белгілі бір бөлігінде кіріктіріледі.

Колледжде белгілі бір мамандық бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар талапкерлер саны арнайы топ ашуға жеткіліксіз болған

және оны ұйымдастыруға қажетті жағдайлар болмаған жағдайда, білім алушыларға инклюзивті білім беру ортасы қамтамасыз етіліп, олар басқа студенттермен бірлесіп оқытылады, ал олардың жеке даму ерекшеліктері мен әлеуеттік мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке оқу жоспары мен білім беру бағдарламасы тиісті түрде бейімделеді.

Білім беру бағдарламасы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының басшысы тарапынан бекітіледі және жұмыс оқу жоспарын, білім алушылардың жеке оқу жоспарларын, сондай-ақ пәндер мен модульдер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеудің негізін құрайды. Бағдарламаны іске асыру әдістемелік қамтамасыз етумен сүйемелденіп, оқу нәтижелерін жүйелі мониторингтеу арқылы жүзеге асырылады және қажет болған жағдайда уақтылы түзетулер енгізуді көздейді.

3.4. Тиімді педагогикалық технологияларды пайдалану және орынды түзетулерді жүзеге асыру

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында инклюзивті білім берудің тиімділігі әрбір білім алушының жеке ерекшеліктеріне бейімделген вариативті және арнайы оқыту әдістерін қолданудағы педагогтің кәсіби құзыреттілігіне тікелей тәуелді. Педагогикалық ықпалдың нәтижелілігі білімді жай ғана жеткізумен шектелмей, ерекше білім беру қажеттіліктері бар әрбір студенттің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген кәсіби құзыреттерді меңгеруіне жағдай жасау арқылы қамтамасыз етіледі.

Негізгі әдістемелік қағидат – білім беру үдерісін ақылға қонымды бейімдеу.

Ақылға қонымды бейімдеулер – бұл қажеттілікке қарай қолданылатын, шамадан тыс жүктеме тудырмайтын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға құзыреттерді меңгеруде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін оқу үдерісін өзгерту мен бейімдеу тәсілдері. *Олар білім беру бағдарламасының іргелі мазмұнын өзгертпейді, керісінше білім алушылардың құзыреттерін әділ әрі толық көрсетуіне мүмкіндік беретін жағдайларды қамтамасыз етеді.*

Білім беру үдерісін тиімді бейімдеудің негізгі қағидаттары:

- 1) Дараландыру – білім алушының танымдық мүмкіндіктерін, оқу материалын меңгеру қарқынын және дербестік деңгейін ескере отырып оқыту;
- 2) Көпарналы (мультисенсорлық) тәсіл – ақпаратты қабылдаудың әртүрлі арналарын (аудиалдық, визуалдық, кинестетикалық) кешенді қолдану;
- 3) Практикаға бағдарлану – оқытуды нақты өмірлік және өндірістік жағдайлармен ұштастыру арқылы ұйымдастыру;
- 4) Модульдік және жүйелі қайталау – оқу материалын логикалық құрылымдалған бөліктерге бөлу және әр кезеңді жүйелі түрде бекіту.

Оқыту әдістері мен технологияларын таңдау білім беру қажеттіліктерін диагностикалау нәтижелеріне (ҚР БҒМ-нің 2022 жылғы

12 қаңтардағы № 4 бұйрығы) және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің ұсынымдарына негізделе отырып жүзеге асырылады.

Негізгі педагогикалық технологиялар мен бейімдеу тәсілдері:

Диагностикалық мониторинг – білім алушылардың мазасыздық деңгейін және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын жүйелі түрде анықтау (Спилбергер–Ханин әдістемесі негізінде). Бұл жеке қолдау түрлерін дұрыс таңдауға және түзету жұмысының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Білім беру кинезиологиясы – зейінді шоғырландыру, шаршаудың алдын алу және ми қызметін белсендіру үшін арнайы жаттығуларды қолдану. Оқу үдерісіне қысқа қозғалыс үзілістерін енгізу ұсынылады.

Кезең-кезеңімен оқыту («қадамдап оқыту») – оқу материалын шағын, түсінікті бөліктермен ұсыну және әр кезеңде кері байланыс беру арқылы дағдыларды біртіндеп қалыптастыру.

Оқу материалдары мен тапсырмаларды бейімдеу – ірі қаріпті пайдалану, көрнекі сызбалар мен алгоритмдерді қолдану, мәтіндерді ықшамдау. Тапсырмаларды кезең-кезеңімен түсіндіру және түсіну деңгейін тексеру. Жауап берудің әртүрлі тәсілдерін ұсыну (ауызша, жазбаша, визуалды, компьютер арқылы).

Оқытуды ұйымдастырудағы ақылға қонымды бейімдеулер:

➤ **Ұйымдастырушылық:** икемді оқу кестесін қолдану, сабақ кестесін бейімдеу, оқу тапсырмаларын кезең-кезеңімен тапсыруды ұйымдастыру, тапсырмаларды орындауға қосымша уақыт беру.

➤ **Әдістемелік:** оқу материалдарын баламалы форматта ұсыну, тапсырма тұжырымдарын жеңіл әрі түсінікті ету, қосымша визуалды тіректерді пайдалану, қажет болған жағдайда көмекші техникалық құралдарды қолдану.

➤ **Бағалау:** бағалау мерзімдерін бейімдеу, тапсырмаларды қайта тапсыру мүмкіндігін қолайлы жағдайда ұсыну, білім алушының оң даму динамикасына басымдық беру, бейімделген бағалау критерийлерін қолдану.

Арнайы және ойын технологияларын қолдану

Әртүрлі нозологиялық топтарға сәйкес арнайы әдістерді қолдану: фонетикалық ритмика, тактильді құралдар, аудиоматериалдар, бейімделген бағдарламалық қамтамасыз ету. Коммуникативтік дағдыларды, ойлау қабілетін және оқу мотивациясын дамыту мақсатында ойын технологиялары мен жобалық оқыту әдісін тиімді пайдалану.

Өзара әрекеттесу алгоритмі және психологиялық-педагогикалық қолдау

Педагогтардың, психологтың, өндірістік оқыту шеберінің және ата-аналардың үйлесімді бірлескен жұмысы. Оқу және түзету-дамыту іс-шараларын бірлесе жоспарлау, сондай-ақ білім алушының өзін-өзі реттеу дағдылары мен сенімділігін қалыптастыруда отбасына жүйелі қолдау көрсету.

Өзін-өзі реттеу және стрессті басқару дағдылары

Білім алушыларды тыныс алу жаттығуларына, релаксациялық тәсілдерге және табысқа бағытталған визуализацияға үйрету. Әсіресе емтиханға дайындық кезеңінде стресс факторларына төтеп беру дағдыларын жүйелі қалыптастыруға назар аудару.

Емтихан рәсімдерін бейімдеу

Оқу үдерісі барысында емтихан жағдайын алдын ала модельдеу. Біліктілік емтихандарын білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыру: қосымша уақыт беру, көмекші материалдарды қолдануға мүмкіндік жасау, тыныш әрі қолайлы психологиялық орта қалыптастыру.

Инклюзивті білім берудегі «ақылға қонымды бейімдеу» ұғымы оқу үдерісіне білім алушылардың құқықтарын басқа студенттермен тең деңгейде жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, шамадан тыс немесе негізсіз жүктеме туындатпайтын орынды өзгерістер енгізуді білдіреді.

Бейімдеулер енгізудің негізгі негіздері:

- 1) Педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлерінің жүйелі бақылауы нәтижесінде білім алушыда тұрақты оқу қиындықтарының анықталуы;
- 2) Білім алушының немесе оның заңды өкілдерінің өтініші;
- 3) Колледждің психологиялық-педагогикалық консилиумының динамикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген ұсынымдары;
- 4) Білім алушының денсаулық жағдайының өзгеруі (уақытша немесе тұрақты).

Бейімдеулер енгізу туралы шешім білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен немесе хаттамамен ресімделеді.

Ақылға қонымды бейімдеулердің түрлері:

Бейімдеу түрі	Мысалдар мен шаралар
Ұйымдастырушылық	икемді оқу кестесін қолдану, сабақ кестесін бейімдеу, үй тапсырмасының көлемін азайту, оқу жұмыстарын кезең-кезеңімен тапсыруды ұйымдастыру
Әдістемелік	оқу материалдарын баламалы форматта ұсыну, тапсырма тұжырымдарын жеңіл әрі түсінікті ету, қосымша визуалды тіректерді пайдалану, орындау уақытын ұлғайту, бейімделген оқулықтарды қолдану
Бағалау	бағалау мерзімдерін бейімдеу, тапсырмаларды қолайлы жағдайда қайта тапсыру мүмкіндігін ұсыну, білім алушының оң даму динамикасына назар аудару
Әлеуметтік-психологиялық	психологтың кеңесін ұйымдастыру, әлеуметтік педагогтың қолдауын қамтамасыз ету, қоғамдық тапсырмалардан уақытша босату
Физикалық ортаны бейімдеу	жұмыс орнын ыңғайлы ету, қосымша бағыттаушы (навигациялық) құралдарды пайдалану

Маңызды! Ақылға қонымды бейімдеулер білім беру бағдарламасының мазмұнын өзгертпейді және кәсіби құзыреттерге қойылатын талаптарды төмендетпейді, керісінше білім алушыларға нақты жағдайда өз құзыреттерін толық әрі әділ көрсетуге тең мүмкіндіктер жасайды.

4-бөлім. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау

4.1. Оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық негіздері

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне және инклюзивті білім беру қағидаттарына сәйкес ұйымдастырылады.

Бағалау рәсімдері келесі нормативтік құқықтық актілермен реттеледі:

1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу қағидаларын бекіту туралы» (өзгерістер мен толықтырулармен);

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін бекіту туралы»;

4) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы «Білім беру ұйымдарының тиісті типтері мен түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда)».

Аталған нормативтік құжаттарға сәйкес білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қойылатын бірыңғай талаптар негізінде жүзеге асырылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін олардың психофизикалық мүмкіндіктері мен жеке білім беру траекториясын ескере отырып, бағалау шарттарын, нысандары мен рәсімдерін бейімдеуге жол беріледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына қосымшаға сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу қағидаларына» сәйкес, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың, оның ішінде ақыл-ойы сақталмаған білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін «Төрт балдық жүйе бойынша цифрлық

баламаға сәйкес келетін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі» қолданылады.

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95–100	Өте жақсы
A-	3,67	90–94	
B+	3,33	85–89	Жақсы
B	3,0	80–84	
B-	2,67	75–79	
C+	2,33	70–74	
B+	3,33	85–89	Жақсы
B	3,0	80–84	
B-	2,67	75–79	
C+	2,33	70–74	
C	2,0	65–69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60–64	
D+	1,33	55–59	
D	1,0	50–54	
F	0	0–49	Қанағаттанарлықсыз

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың төрт балдық жүйедегі цифрлық баламасына сәйкес келетін әріптік бағалау жүйесі оқу материалын меңгерудің қорытынды деңгейін айқындауға және оқу нәтижелерінің салыстырмалылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ақыл-ойы сақталмаған білім алушыларды бағалау барысында тек жиынтық баға олардың танымдық дамуының нақты динамикасын толыққанды көрсету үшін жеткіліксіз болып табылады.

Бағалау үдерісінде деңгейлік тәсілді қолдану, атап айтқанда оқу жетістіктерін танымдық дағдылардың қалыптасу деңгейлері бойынша (білімді қайта жаңғырту, қолдану, қарапайым талдау) жүйелеуге мүмкіндік беретін Блум таксономиясына сүйену инклюзивті білім беру жағдайында әдістемелік тұрғыдан орынды болып табылады.

Ойлау деңгейі (Блум таксономиясы)	Сипаттамасы	Іс-әрекет етістіктері
Есте сақтау (Remember)	Фактілер мен ақпаратты қайта жаңғырту, негізгі ұғымдарды еске түсіру	атау, анықтау, еске түсіру, тізбектеу, қайта жаңғырту, тану
Түсіну (Understand)	Идеялар мен ұғымдардың мәнін түсіндіру және мазмұнын ашу	түсіндіру, интерпретациялау, қайта тұжырымдау, сипаттау, жалпылау, жіктеу
Қолдану (Apply)	Алған білімді жаңа оқу немесе практикалық жағдайларда қолдану	қолдану, пайдалану, көрсету, шешу, іске асыру, орындау
Талдау (Analyze)	Ақпаратты құрамдас бөліктерге жіктеу және	талдау, салыстыру, ажырату, жіктеу, зерттеу,

	олардың арасындағы байланыстарды анықтау	себеп-салдарын анықтау
Бағалау (Evaluate)	Белгіленген критерийлер негізінде пікір білдіру және шешім қабылдау	бағалау, негіздеу, пайымдау, тексеру, сын тұрғысынан бағалау, таңдау
Жасау (Create)	Жаңа идеялар мен өнімдер құрастыру, шығармашылық шешімдер ұсыну	әзірлеу, құрастыру, жобалау, ұйымдастыру, жасау

Бұл модельді қолдану танымдық даму ерекшеліктері бар білім алушылардың оқу нәтижелерін сараланған және педагогикалық тұрғыдан негізделген бағалауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ бағалау барысында тек қорытынды нәтижеге ғана емес, ойлау әрекеттерінің қалыптасу деңгейіне жүйелі түрде назар аударуға мүмкіндік береді.

Ақыл-ойы сақталмаған білім алушыларды бағалау барысында Блум таксономиясын қолдану танымдық дағдылардың кезең-кезеңімен қалыптасуын ескеруге және бағалау критерийлерін ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының қолжетімді ойлау деңгейімен сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Танымдық дамуында бұзылыстары бар білім алушыларды оқыту барысында «қолдану» деңгейіне жету жоғары оқу нәтижесі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Тапсырма: әрлеу материалдарының түрлерін анықтау және нақты бөлме үшін қолайлы материалды таңдау.

Деңгей	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Дәстүрлі жүйе бойынша баға	Пайыздық көрсеткіш
«Есте сақтау»	Материалдарды (бою, тұсқағаз, плитка) атайды және оларды бейне бойынша таниды	терминдерді дұрыс қайта жаңғыртуы тіркеледі (меңгерудің ең төменгі шекті деңгейіне сәйкес)	Қанағаттанарлық	50–69
«Түсіну»	Білім алушы белгілі бір материалдың қай бөлмеге сәйкес келетінін түсіндіреді (мысалы, плитка — ылғалға төзімді болғандықтан жуынатын бөлме үшін)	жауаптың мағыналылығы, себеп-салдарлық байланыстың болуы бағаланады	Жақсы	70–79
«Қолдану»	Білім алушы ұсынылған жағдайға	білімді практикалық жағдайда	Жақсы / Өте жақсы	80–90

	(мысалы, жатақханадағы ас үй) сәйкес материалды өз бетінше таңдайды және таңдауын негіздейді	қолдану қабілеті бағаланады		
«Талдау элементтері» (қолжетімді болған жағдайда)	Білім алушы екі нұсқаны салыстырып, қайсысы үнемдірек немесе тиімдірек екенін түсіндіреді	салыстыру және қорытынды жасау дағдылары бағаланады	Өте жақсы	90–100

Маңызды: ақыл-ойы сақталмаған (жеңіл деңгейдегі ақыл-ой кемістігі бар) білім алушылар үшін «қолдану» деңгейіне жету, жоғары деңгейдегі талдау дағдылары толық қалыптаспаған жағдайда да, жоғары оқу нәтижесі ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл жағдайда қорытынды баға меңгерілген оқу материалының көлеміне формалды түрде ғана емес, білім алушының жеке оқу ілгерілеу динамикасын ескере отырып айқындалады.

Блум таксономиясын қолдану келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:

- білім алушылардың танымдық үдерістерінің даму динамикасын жүйелі түрде қадағалау;
- бағалау талаптарын білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес саралау;
- әділ әрі қолдаушы бағалауды ұйымдастыру;
- әріптік бағалау жүйесін білім алушының нақты оқу жетістіктерімен үйлестіру.

4.2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау қағидаттары

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың заманауи тәсілдері құзыреттілікке негізделген тәсілге, инклюзивті білім беру қағидаттарына және дамыта оқыту идеяларына сүйенеді.

Бағалауды ұйымдастырудың әдіснамалық негізі Лев Выготский ұсынған тұлғаның мәдени-тарихи даму теориясының қағидаларына сүйенеді. Бұл теорияға сәйкес, оқыту білім алушының жақын даму аймағына бағытталуы тиіс. Бағалау контекстінде бұл білім алушының тек қол жеткізген білім мен дағдылар деңгейін ғана емес, сонымен қатар оның білім алуындағы даму динамикасын да тіркеу қажеттігін білдіреді.

Инклюзивті білім беру жүйесінде бағалау білім беру процесінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде бірқатар маңызды функцияларды атқарады:

Қалыптастырушы бағалау (assessment for learning) ерекше мәнге ие, себебі ол білім алушының оқу жетістіктерін жүйелі түрде қолдауға, оның танымдық белсенділігін арттыруға және оқу мотивациясын дамытуға бағытталған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау білім сапасына қойылатын талаптарды төмендетуді көздемейді. Керісінше, ол білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың білімін, дағдыларын және кәсіби құзыреттерін әділ, объективті және қолжетімді түрде көрсетуге жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырылуы тиіс:

1) Талаптардың бірлігі.

Білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік стандарттарда айқындалған пәндер мен кәсіби модульдер бойынша күтілетін оқу нәтижелері барлық білім алушылар үшін міндетті болып табылады.

2) Бағалау рәсімдерінің бейімделгіштігі.

Бағалау нысандары мен оны өткізу шарттары білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып өзгертілуі мүмкін. Бұл ретте бағаланатын құзыреттердің мазмұны сақталуы тиіс.

3) Бағалаудың кешенділігі.

Оқу жетістіктерін бағалау тек тапсырманың қорытынды нәтижесін ғана емес, сонымен қатар білім алушының құзыреттерінің қалыптасуы мен даму динамикасын кешенді түрде ескеруді көздейді.

4) Бағалауды дараландыру.

Арнайы білім беру бағдарламалары немесе жеке оқу жоспарлары бойынша білім алушылар үшін бағалау критерийлерін өзгертуге жол беріледі.

5) Психологиялық қауіпсіздік.

Бағалау жүйесі білім беру үдерісінде қолайлы психологиялық ахуалды қамтамасыз етуге бағытталуы және білім алушылардың психоэмоционалдық жағдайына теріс әсер ететін факторларды болдырмауы тиіс.

6) Шешім қабылдаудың алқалылығы.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қорытынды аттестаттауды өткізу шарттарын немесе нысандарын өзгерту туралы шешім психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның (ПМПК) қорытындысы негізінде білім беру ұйымының педагогикалық кеңесімен алқалы түрде қабылданады.

4.3. Ағымдағы үлгерімді бақылау және аралық аттестаттау

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау келесі бағалау түрлері арқылы жүзеге асырылады:

- ағымдағы үлгерімді бақылау;
- аралық аттестаттау;

- қорытынды аттестаттау.

Ағымдағы үлгерімді бақылау оқу кезеңінің бүкіл барысында жүйелі түрде жүргізіледі және оқу материалын меңгеру деңгейін айқындауға бағытталған.

Ағымдағы үлгерімді бақылау келесі бағалау нысандары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: ауызша сұрау; жазбаша жұмыстар; тестілеу; практикалық тапсырмалар; зертханалық және өндірістік жұмыстар; жобалық жұмыстарды орындау.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін ағымдағы бақылау білім алушының психофизикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тапсырмалар негізінде жүргізілуі мүмкін.

Аралық аттестаттау пәнді немесе модульді меңгеру аяқталғаннан кейін емтихандар және (немесе) сынақтар нысанында жүргізіледі.

Ақыл-ойы сақталмаған білім алушыларды оқыту барысында қол жеткізілген әрбір нәтиже оң көрсеткіш ретінде қарастырылады және білім алушының жеке даму динамикасын ескере отырып бағаланады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін бағалау жүргізу барысында келесі бейімдеу шаралары қолданылуы мүмкін:

- білім алушыға жауап беру нысанын (ауызша, жазбаша, практикалық) таңдауға мүмкіндік беру;
- бақылау тапсырмаларын орындау уақытының ұзартылуы;
- сараланған немесе жеке тапсырмаларды қолдану;
- бағалауды жеке аудиторияда немесе шағын топта ұйымдастыру;
- ассистивтік технологиялар мен арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану;
- ассистенттің (сурдоаудармашының) қатысуы.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу жетістіктерін және бақылау материалдарын бағалау бойынша ұсынымдар.

Бағалау рәсімін өзгерту	Бақылау материалдарын бейімдеу
Қысқа және нақты ауызша немесе жазбаша нұсқаулық беру	Тапсырмалардың мәтінін бейімдеу және оларды кезең-кезеңімен ұсыну
Қосымша уақыт беру	Тапсырмалар санын азайту
Ауызша немесе жазбаша жауап беру мүмкіндігі	Жеке бақылау тапсырмаларын қолдану
Планшет немесе компьютерді пайдалану	Иллюстрациялар, схемалар, кестелерді қолдану
Қолдау конспектілерін пайдалану	Білім алушының жеке оқу қажеттіліктерін ескере отырып басқа бейімдеулер

Қазіргі білім беру тәжірибесінде бағалаудың критерийлік технологиясын қолдану көзделеді, ол білім алушылардың қол жеткізген оқу нәтижелерін алдын ала белгіленген критерийлермен салыстыруға негізделген.

Критерийлік бағалау келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:

- бағалаудың айқындылығы;
- бағалаудың объективтілігі;

- оқу жетістіктерінің даму динамикасын қадағалау мүмкіндігі.

Зиятының қалыпты және дамуында ерекшеліктері бар білім алушыларды бағалау модельдері

Өлшемшарттар	Ақыл-ойы сақталған	Ақыл-ойы сақталмаған
Бағалаудың мақсаты	Білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтау	Білім алушының жеке оқу прогресін бағалау
Бағалаудың негізі	Біртұтас критерийлер	Бейімделген критерийлер
Тапсырмалардың мазмұны	Толық көлемдегі тапсырмалар	Қысқартылған және бейімделген тапсырмалар
Орындау формасы	Ауызша, жазбаша, практикалық	Негізінен практикалық және көрнекі іс-әрекет
Нәтижелерді интерпретациялау	Білім беру стандартымен салыстыру	Білім алушының алдыңғы нәтижелерімен салыстыру
Педагогтың рөлі	Кеңесші рөл	Қолдаушы және сүйемелдейтін рөл

4.4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қорытынды аттестаттау

Қорытынды аттестаттау білім беру бағдарламасын меңгерудің соңғы кезеңі болып табылады және білім алушылардың кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қорытынды аттестаттау олардың денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін факторларды жоққа шығаратын жағдайларда жүргізіледі.

ТЖКБ ұйымдарының білім алушылары үшін қорытынды аттестаттауға біліктілік емтиханын және/немесе жалпы кәсіби және арнайы пәндер мен модульдер бойынша қорытынды емтихандарды тапсыру, немесе дипломдық жобаны (жұмысты) орындау және қорғау, немесе дипломдық жұмысты орындау және қорғау, сонымен қатар арнайы пәндердің біреуінен немесе модульден қорытынды емтихан тапсыру кіреді.

Ақыл-ойы сақталмаған білім алушылар үшін қорытынды аттестаттау көбінесе практикалық тапсырма (көрнекі демонстрациялық емтихан) түрінде жүргізіледі.

Мысал ретінде «Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу» мамандығы бойынша «Тігінші» біліктілігіне арналған біліктілік емтиханын ұйымдастыру қарастырылуы мүмкін.

Емтихан барысында бағалау жүргізіледі:

- технологиялық операциялардың терминологиясын білу;
- бұйымдарды өңдеудің технологиялық реттілігін сақтау;
- ылғалды-жылулық өңдеу әдістерін меңгеру;
- еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтау.

Бағалау критерийлеріне мыналар енгізілуі мүмкін:

- тігін машинасындағы тігіс сапасы;
- бұйым бөліктерін өңдеу реттілігі;

- еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтау;
- тапсырманы орындауға кеткен уақыт (ұзартылған нормативті ескере отырып).

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің қорытынды аттестаттау нәтижелері олардың білімін жалғастыруға немесе еңбекке орналастыруға мүмкіндік береді. Алынған куәліктер мен дипломдар жалпы үлгідегі құжаттармен теңестіріліп танылады, бұл студенттерге білімін жалғастыруға немесе таңдаған саласында кәсіби мансап құруға мүмкіндік береді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізуге бағытталған осындай кешенді тәсіл олардың оқу процесіне толыққанды қатысуын қамтамасыз етеді және басқа білім алушылармен тең дәрежеде кәсіби даярлық алуға жағдай жасайды.

ГЛОССАРИЙ

Әдістемелік ұсынымдарда келесі негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

білім беру бағдарламаларын бейімдеу – бұл оқу материалын меңгеруді жеңілдету үшін білім алушылардың (соның ішінде Ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБҚ) балалардың) жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқу мазмұнын, оқыту әдістерін, бағалау құралдарын және оқу ортасын түзету. Бұл бейімдеуге оқу қарқынын өзгерту, тапсырмаларды жеңілдету, көрнекілікті қолдану, сүйемелдеу және арнайы техникалық құралдарды пайдалану кіреді, сонымен қатар оқу бағдарламасының жалпы мақсаттары сақталады;

базалық модуль – білім алушының базалық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының функционалдық аяқталған құрылымдық элементі;

демонстрациялық емтихан – білім алушыға меңгерген кәсіби құзыреттіліктерін іс жүзінде көрсетуге мүмкіндік беретін аралық және/немесе қорытынды аттестаттауды өткізу нысаны;

дипломдық жұмыс (жоба) – білім алушылардың ТЖКБ білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелерін, оның ішінде жобалық тәсілдерді қолдана отырып жинақтауды білдіретін өзіндік бітіру жұмысы;

жеке оқу жоспары – білім беру бағдарламасы және элективті пәндер және (немесе) модульдер каталогы негізінде білім беру ұйымының көмегімен білім алушылардың әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары;

инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау;

білім алушыларды қорытынды аттестаттау – тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

ерекше білім беру қажеттіліктері – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларына мұқтаж балалардың қажеттіліктері;

білім беру бағдарламасы – оқу мақсаттары, оқу нәтижелері мен мазмұны, оқу процесін ұйымдастыру, оны жүзеге асыру тәсілдері мен әдістері, сондай-ақ оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

жалпыға міндетті модуль – білім алушының жалпы құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының функционалдық аяқталған құрылымдық элементі;

ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажет арнайы жағдайларды анықтау.

білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

кәсіптік модуль – кәсіби құзыретті қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының функционалдық аяқталған құрылымдық элементі;

психикалық кемістік — бұл адамның психикасының дамуындағы белгіленген тәртіппен бекітілген уақытша немесе тұрақты кемшілік, оның ішінде сөйлеу, эмоционалдық-еріктік сфераның бұзылуы, соның ішінде мидың зақымдануы, сондай-ақ ақыл-ой дамуының бұзылысы, ақыл-ой даму тежелуі;

психологиялық-педагогикалық қолдау — бұл білім беру мекемелері үдерісінде әрбір білім алушының табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар құратын толық, жүйелі ұйымдастырылған қызмет;

жасырын соматикалық шектеулер – педагогикалық бақылау барысында бірден анықталмайтын, айқын сыртқы белгілері жоқ денсаулық жағдайының бұзылыстары немесе созылмалы аурулар. Алайда олар білім алушының функционалдық мүмкіндіктеріне әсер етіп, білім беру бағдарламасын меңгеруде қиындықтардың туындауына себеп болуы мүмкін;

«Соматикалық» сөзі ағзаның денелік, физикалық жағдайына қатысты дегенді білдіреді.

«Жасырын» дегеніміз – бұл бұзылыстар педагогтар мен қоршаған орта үшін әрдайым айқын көрінбеуі мүмкін, алайда олар оқу барысында қиындықтар, зейінді шоғырландырудың төмендеуі немесе тез шаршағыштық арқылы байқалуы ықтимал.

Жасырын соматикалық шектеулердің мысалдары

Мұндай жағдайларға мыналар жатады:

- созылмалы аурулар (анемия, асқазан-ішек жолдарының аурулары, астма);
- эндокриндік бұзылыстар (мысалы, қалқанша безінің қызметінің бұзылуы);
- созылмалы шаршағыштық, астениялық синдром;
- өткерілген аурулар немесе операциялардың салдары;
- жеңіл неврологиялық бұзылыстар;
- жиі бас ауруы, ұйқының бұзылуы;
- уақытылы анықталмаған жасырын көру немесе есту бұзылыстары.

Оқу үдерісінде көрініс беруі

Балада келесі ерекшеліктер байқалуы мүмкін:

- тез шаршағыштық;
- зейінді шоғырландырудың төмендеуі;
- жұмыс қарқынының баяулығы;
- үлгерімнің тұрақсыздығы;
- денсаулық жағдайына байланысты сабақтарды жиі босату.

әлеуметтік бейімдеу – әлеуметтік және медициналық –педагогикалық түзету арқылы қолдану процесінде кемтар балалардың қоғамда қабылданған құндылықтарды, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеруі мен қабылдануы және еңбекке даярлануы жолымен әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде икемделуі;

арнайы білім беру — бұл мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы жағдайлар жасау;

білім алуға арналған арнайы жағдайлар – ерекше білім беру қажеттіліктері, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалар оқу, сондай-ақ арнайы, жеке-дамытушы және түзете дамытушы бағдарламалар мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тіршілік ету ортасын, психологиялық педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын жағдайлар, онсыз білім беру бағдарламаларын адамдардың (балалардың) меңгеруі мүмкін емес;

студент – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымында білім алатын тұлға;

оқу бағдарламасы – меңгерілуі тиіс білім, біліктердің, дағдылар мен құзіреттіліктердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама;

оқу жоспары – тиісті білім беру деңгейіндегі білім алушылар үшін оқу пәндерінің, оқу дисциплиналарының және (немесе) модульдердің, кәсіптік практиканың, оқу қызметінің өзге де түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат;

оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;

кәсіптік практика – болашақ кәсіптік қызметпен байланысты белгілі бір жұмыс түрлерін орындау процесінде теориялық білімдерді, дағдыларды бекітуге, практикалық машықтар мен құзыреттерді иемденуге және дамытуға бағытталған оқу қызметінің түрі;

психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу – білім беру ұйымдарында іске асырылатын жүйелі ұйымдастырылған қызмет, оның барысында ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалады;

физикалық кемістік – ағзаның (ағзалардың) дамуының және (немесе) қызметінің тұрақты бұзылуы, ол ұзақ мерзімді әлеуметтік, медициналық және түзету-педагогикалық қолдауды талап етеді.

Қысқартулар:

- **МЖМБС** – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
- **ББ** – білім беру бағдарламасы;

© НАО «Талар», 2026

Осы құжат авторлық құқық объектісі болып табылады.

Құқық иеленушінің жазбаша рұқсатынсыз пайдалануға, көшіруге, көбейтуге, таратуға, өзгертуге және үшінші тұлғаларға беруге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тыйым салынады.

- **ТжКББ** – техникалық және кәсіптік білім беру;
- **ЖБББ** – жеке білім беру бағдарламалары;
- **Нозология** – аурулар туралы ғылым, ол аурудың мәнін, пайда болу себептерін және даму ерекшеліктерін зерттейді;
- **ХАЖ** – халықаралық аурулардың жіктемесі.